ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСИ АПТАЛЫҚ • INTERNATIONAL POLITICAL WEEKLY

# TÚRKISTAN

www.turkystan.kz

№1-2 (1638) 5 ҚАҢТАР, ДҮЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 1994 ЖЫЛҒЫ 28 ҚАҢТАРДАН ШЫҒА БАСТАДЫ

### Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

**– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.**

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Шетелде жұмыс істеп, түрлі салада табысқа жеткен қазақтар туралы мақалаларды қызығушылықпен оқимын. Қазақстан мен өздері тұрып жатқан елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлес қосып жүрген осындай үш азаматты арнайы марапаттадым.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, ақпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жанжақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Кәсіби әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең тараған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына қуанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиял әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білімгылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.



**– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?**

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілсіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

Дей тұрғанмен, еліміздің реформаларды жүзеге асыруға біржола бет бұрғанын өткен жылдың басты қорытындысы деуге болады. Қазақстан жаңғыру жолында қарышты қадам басып, барынша өркениетті ел бола бастады. Қоғамда өскелең ұрпақтың жарқын болашағы үшін түбегейлі өзгеріс жасау аса маңызды екені туралы нақты түсінік қалыптасты.

АҚШ президенті Трамптың «ақылға сыйымды ой» стратегиясының ықпалымен жаһандану үдерісі кейінге ысырыла бастады. Біз де Қазақстанда әділдік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық сияқты мемлекетіміздің болашағы үшін айрықша маңызды қағидаттарға негізделген қоғам құрып жатырмыз. Ұзақ мерзімге арналған нәтижеге жету үшін бұл жұмыс жаңа жылда екі есе тың қарқынмен жалғасын табады.

**– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?**

– Әрине, салық реформасы – өзекті мәселе және бұған қатысты пікірталастардың болуы әбден түсінікті. Дегенмен, ел ішінде дүрбелең туғызып, жұртты дүрліктірудің ешқандай жөні жоқ. Мұндай реформа көптеген елде жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресейде қосымша құн салығы жуырда 22 пайызға дейін көтерілді.

Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексін әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

Бұрынғы Үкімет қосымша құн салығын, тіпті, 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Олар фискалдық саясатта қателік жіберілгенін ескере отырып, мұндай қадамның өте қажет екенін мойындады. Талқылау барысында қазіргі Үкімет те қосымша құн салығын 20 пайызға дейін көтеруді ұсынды. Алайда, мен Үкіметке оның жоғарғы шегін 4 сатыға төмендету туралы тапсырма бердім.

Жаңа Салық кодексінде бақылау жасауға емес, өзара серіктестік орнатуға баса мән беріледі, яғни, осы үдеріске қатысушылардың бәрі – мемлекет те, бизнес те, азаматтар да өз міндетін адал орындауға тиіс. Бірін-бірі өзара толықтырып тұратын мұндай жүйеде салық төлеу ауыртпалық ретінде қабылданбайтын болады. Түптеп келгенде, салық төлеу дегеніміз – заманауи қоғамдық келісімшарт деген сөз. Салық төлесеңіз – қызмет көрсетіледі, инфрақұрылым салынады, қауіпсіз орта қалыптасады, тың мүмкіндіктер пайда болады. Керек десеңіз, бұл – әділдік болу үшін жүктемені қайта бөлу құралы, әлеуметтік тұрғыдан әлсіздерді қолдау және экономикалық тұрғыдан «белсенді ортаны» одан әрі дамыту тәсілі.

Бүкіл әлемде фискалдық саясаттың тиімділігі оны жүргізудің сапасымен, жұрттың салық жөніндегі сауатымен және қоғамның сана-сезімімен өлшенеді. Салық төлеу мәдениеті дәл осылай қалыптасады. Салық төлеу бұрын міндет болса, енді отаншылдықтың озық үлгісіне айналады. Мұны сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғам құрудың төте жолы деуге болады. Себебі, салығын адал төлейтін азаматтар өз қаржысының алаяқтардың қалтасында кеткенін мүлдем ұнатпасы анық.

*Жалғасы 2-3-беттерде*



## «ОРТА ДӘЛІЗДІҢ» ОЛЖАСЫ

ТРАНСКАСПИЙ БАҒЫТЫ ҚЫТАЙДАН БАСТАЛЫП, ҚАЗАҚСТАН, КАСПИЙ ТЕҢІЗІ, ӘЗЕРБАЙЖАН, ГРУЗИЯ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ АРҚЫЛЫ ЕУРОПАҒА ЖЕТЕДІ. БҰЛ – МУЛЬТИМОДАЛЬ МАРШРУТ: ТЕМІРЖОЛ ТЕҢІЗ ТАСЫМАЛЫМЕН ҰШТАСАДЫ. КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ ОСЫ ОРТА ДӘЛІЗ БАТЫС ПЕН ШЫҒЫСТЫҢ НАЗАРЫН АУДАРЫП ОТЫР. ӘСІРЕСЕ, ЕУРООДАҚ ЕЛДЕРІ ТАСЫМАЛ ЖОЛЫНА АСА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ.

7»

## ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК: ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ТИІМДІЛІККЕ ҚАРАЙ

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ – АДАМДЫ АСЫРАУ ЕМЕС, ОНЫ ДЕРБЕСТІККЕ ЖЕТЕЛЕУ. БІРАҚ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ШЕГІ МЕН ЛОГИКАСЫ ДҰРЫС АНЫҚТАЛМАСА, ОЛ ЕҢБЕККЕ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ОРНЫНА «ТӘУЕЛДІЛІКТІ» КҮШЕЙТЕДІ. СОНДАЙ-АҚ МҰНДАЙ КӨМЕК ЕҢБЕКПЕН, ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ЖӘНЕ НАҚТЫ МАҚСАТПЕН ҰШТАСПАСА, МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗІНЕ САЛМАҚ ТҮСІРЕДІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ЖҮЙЕСІ ДӘЛ ОСЫНДАЙ КЕЗЕҢДІ БАСТАН КЕШІП ОТЫР.

8»





## ЖҮРЕКПЕН СЕЗІН, НИЕТПЕН ІСТЕ

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЕЛІМІЗДЕ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМЫТУҒА ЕРЕКШЕ МӘН БЕРІП, ОНЫ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНІҢ БІРІ ДЕП САНАЙТЫНЫН АЙТТЫ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ПІКІРІНШЕ, ЕРІКТІЛЕР – ӨЗ ЕЛІНІҢ ШЫНАЙЫ ПАТРИОТТАРЫ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ БӘРІНЕН ЖОҒАРЫ ҚОЙЫП, МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДА СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУДА ЕРЕКШЕ РӨЛ АТҚАРАДЫ.

9»

*Басы 1-бетте*

**– Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның сапасы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсартады деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жоққа шығармай ма?**

– Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популистердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мезгілінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қатаң бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуға тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Халықаралық сарапшылар Қазақстанның «орташа табыстар қақпанына» түсіп қалғанын дұрыс байқап отыр. Ашығын айтайын, бұл – экономика туралы оқулықтан алынған жалпылама ұғым емес, күн сайын көптеген азаматымыздың басынан өтіп жатқан өмір шындығы. Жұрт табыс тауып жатыр, тіпті, жақсы табыс табатындар да бар. Бірақ, оның бәрін инфляция жеп қояды немесе ипотека төлеу, балаларды оқыту, ата-анаға көмектесу сияқты күнделікті тірлікке жұмсалып, жоқ болып кетеді. Ауырып қалу немесе жұмыстан айырылу секілді кез келген көлденең кедергі түрмыстағы тұрақтылықты бұзып жіберуі мүмкін.

Мен кезінде баспана алу, балалардың оқу ақысын төлеу, емделу үшін зейнетақы жинағын пайдалануға рұқсат беру туралы шешім қабылдадым. Көбісі солай жасады, бұл шешімге ризашылықтарын да білдіріп жатты. Бірақ, әдеттегідей, стоматология қызметін көрсетеміз деген желеумен зейнетақы қорынан 200 миллиард теңгеден астам қаржы жымқырған алаяқтар да табылды. Құқық қорғау органдары қазір бұл мәселемен айналысып жатыр. Осы медициналық қызмет түріне зейнетақы жинағын пайдалануға тыйым салуға тура келді. Бірақ, басқа да қитұрқы тәсілдер пайда болды, тіпті, пластикалық отаға төлем жасайтындар бар.

Ал, бизнес өкілдеріне келер болсақ, олар жұмыс орындарын ашып, салықтарын адал төлейді. Алайда, несие өсімінің жоғары болуы, айналымдағы қаражаттың аздығы олардың кең ауқымда дамуына, жаңа нарықтарға шығуына, заманауи технологияларды енгізуіне мүмкіндік бермей тұр.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, меніңше, өзгеріс қарқыны баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауынша, елімізді бақуатты, тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

**– Қазақстан былтыр энергетикалық және коммуналдық секторда реформа жасауға кірісті. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең ауқымды реформа. Осы бағыттағы жұмыстар әбден тозған инфрақұрылымды жаңғырту мәселесін шеше ала ма?**

# Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ



– Шынымен де, Үкімет энергетикалық және коммуналдық нысандарды жаппай жаңғырту жұмыстарын қолға алды. Ұзындығы жүздеген шақырым болатын инженерлік желілер мен электр қуатын таратын желілер салуымыз керек. Бүтінгі таңда осы ауқымды жобаның есеп-қисабы әзірленіп жатыр.

Қазірдің өзінде қауіпті «қызыл» аймақта тұрған жылу электр станцияларының саны 19-дан 10-ға дейін азайды. Қабылданған шаралардың нәтижесі көріне бастады. Нысандардың апаттық жағдайға тап болу қаупі сейіліп келеді.

Дегенмен, әбден тозып, әупіріммен әрең тұрған инфрақұрылымды қалпына келтіру жеткіліксіз, жұмыс тәсілін өзгерту керек. Сондықтан, жаңғырту шаралары ең басты міндетті шешуге тиіс, яғни, салаға инвестиция салу үшін қолайлы жағдай жасап, нағыз нарықтық тетіктер қалыптастыруы қажет.

Үкіметтің шұғыл шаралары мәселенің түпкі мәнінен туындап отыр. Себебі, энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы кез келген мемлекеттің өмір сүруіне аса қажетті тұғыр саналады. Бұл негіз шайқалса, басқасы түгел күйрейді.

Тамыры тереңге кеткен экономикалық мәселелерге ондаған жылдар бойы назар аударылған жоқ. Қалалар мен ауылдардағы инфрақұрылым тозды, энергетика нысандары мен коммуналдық желілер әбден ескірді.

Қордаланған түйткілдер күрмеуі қиын күрделі мәселеге ұласты. Бұл сала жыртық-тесігін жанталаса жамап-жасқап, бюджет қаржысын үздіксіз құюға тура келетін «коммуналдық аждаһаға» айналды. Бұған жұрттың еті үйреніп, азаматтар шарасыз күйге түсті.

Соған қарамастан, біздің үкіметтеріміз «авгийдің атқорасын» тазалауға асыққан жоқ. Себебі, мұндай күрделі жұмыс ешкімге жақсы атақ әкелмес еді. Ең дамыған отыз мемлекеттің қатарына қосылу сияқты «керемет» бағдарламалар әзірлеп, оның «табысты» орындалғаны туралы баяндау әлдеқайда жеңіл болатын. Шындықты жасырып, бір сәттік алдамшы жетістіктерге ұмтылу ақырында мемлекетіміз үшін тым қымбатқа түсті.

Шынымды айтайын, жеке абыройымды ойласам, мен де бұл жұмысты келесі басшылыққа ысыра салар едім. Бірақ, халықтың көзі үйренген таптаурын түсініктерге қайшы келсе де, мен үшін қағаз жүзінде емес, іс жүзінде нақты нәтижеге қол жеткізу бәрінен де маңызды.

Электр қуатының арзандығы кімге тиімді болды? Табысы шамалы көп балалы отбасыларға емес, ірі кәсіпорындарға өте тиімді болды.

Арзан жанар-жағармайдың қызығын кім көрді? Әдетте қоғамдық көлікпен жүретін студенттер мен зейнеткерлер емес, билікке жақын жүретін, қазір жұрт олигархтар немесе олигополия деп атайтын кәсіпкерлер көрді.

Коммуналдық қызметтердің тарифін төмен ұстап тұру кімге ыңғайлы болды? Әр түбіртектегі соманы уақтылы төлеп отырған адал азаматтарға емес, «коммуналдық былық-шылықты» пайдаланып, қалтасын қалыңдатқан делдал-кәсіпкерлерге қолайлы болды.

Посткеңестік кеңістіктегі ең төмен бағалар мен тарифтер Қазақстанға тиесілі. Соның салдарынан, біз амалсыздан арзан жанар-жағармайды көрші мемлекеттерге астыртын тасымалдайтын, сол арқылы олардың экономикасына демеу көрсететін елге айналдық.

Сол себепті, тарифтің төмен болуы қарапайым тірлік кешіп жатқан адамдарға пайдалы деген жалған сенімнен арылатын уақыт жетті. Іс жүзінде бұл – ауқатты азаматтарға жасырын түрде берілетін субсидия.

Әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру үшін, ең алдымен, мәселені шешу жолдарын өзгерту қажет. Мемлекет көмекке шын мұқтаж адамдарға ғана тікелей, атаулы өтемақы төлеу арқылы қолдау көрсетуге міндетті. Сондықтан, тарифтерді көтеру – ақылға қонымды, яғни тиімді және әділ экономика құру үшін аса қажет қадам. Кім қанша тұтынса, сонша төлейді, қолдауға шынымен зәру адамдарға ғана көмек беріледі. Тарифтер әділетті болуы керек, яғни «неғұрлым көп тұтынған, соғұрлым көп төлейді» деген қағидат берік орныға тиіс. Мен осындай нақты міндет қойып отырмын. Алғашқы оң нәтижелер бар. Төлем жүйесіне сараланған тәсіл енгізілді. Суды және электр қуатын барынша үнемдеп пайдаланатын тұрғындар «тұтынудың әлеуметтік нормасына» сәйкес төлемді ең төмен тарифпен төлейтін болды.

Бұл қадам бұрынғы жүйеден бас тартып, әлеуметтік игіліктерді әділ бөлетін жүйе құруға мүмкіндік береді. Елдің ресурстарын таңдаулы адамдар емес, барша жұрт бірдей пайдалануға тиіс. Сонда ғана заманға сай инфрақұрылым мен тиімді энергетика жүйесін қалыптастыра аламыз. Осылайша, экономиканың сапалық тұрғыдан өсуіне зор серпін береміз.

**– Сіз Қазақстан үшін көлік және логистика саласының маңызы артып келе жатқанын жиі айтасыз. Бұл бағыттағы жұмысты негізгі басымдық ретінде белгілеп бердіңіз. Осы саланы дамыту үшін қандай шаралар қабылданды және алда қандай жоспарлар бар?**

– Еліміз үшін көлік-логистика саласының әлеуетін арттыру – стратегиялық маңызы бар міндет. Теңізге тікелей шығатын жолы болмаса да, Қазақстан Еуразия құрлығының кіндік тұсында, яғни негізгі транзиттік күре жолдар тоғысқан жерде орналасқан. Бұл – үлкен артықшылық, біз оны ел игілігіне жарата білуге тиіспіз. Мақсат-мүддемізге сәйкес Қазақстанды Еуразияның көлік айлағы (хабы) ретінде қалыптастыру – бұл салада атқарылатын жұмыстың басты бағыты.

Осы орайда, жақында іске қосылған «Достық – Мойынты» жаңа теміржол магистралінің мән-маңызын атап өткім келеді. Бұл жоба осы жол арқылы Қытай мен Еуропа арасында тасымалданатын жүк көлемін бес есе арттыруға мүмкіндік береді. «Мойынты – Қызылжар», «Бақты – Аягөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол желілерін жаңадан іске қосу жоспарымызда тұр. Жалпы, 2030 жылға дейін 5 мың шақырым теміржолды салып, жаңғырту және 11 мың шақырым теміржолды жөндеу көзделіп отыр.

Елорда мен батыс аймақтардың арасындағы қашықтықты 500-ден астам шақырымға қысқартатын «Орталық – Батыс» күре жолы құрылысының стратегиялық маңызы өте зор.

Біз ел шекарасынан тыс жерді де қамтитын кең ауқымды көлік жүйесін құра алдық. Қазақстан мұхит жолдарынан тысқары тұрса да, Сары теңіз бен Қара теңіздің арасында жүк терминалдарының желісін қалыптастырды. Еліміздің аумағы арқылы өтетін 12 халықаралық көлік дәлізі, атап айтқанда,

5 темір жол, 7 автокөлік дәлізі бар. Қытай мен Еуропа арасында құрлықпен жеткізілетін жүктің шамамен 85 пайызы осы жолдармен тасымалданады.

Әрине, мұның бәрі – табысқа оп-оңай жете қоямыз деген сөз емес. Бұл саладағы бәсеке күшейіп келеді. Себебі көлік және логистика мәселесі геосаясаттың ажырамас бөлігіне айналды. Осы тақырып жоғары деңгейдегі келіссөздердің күн тәртібіне біржола енді. Сондықтан, Қазақстан үшін де оның айрықша маңызы бар.

Еліміз Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» атты мегажобасын, «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін және Транскаспий көлік бағытын, яғни, «Орта дәлізді» дамытуға белсене атсалысып келеді. «Рессей – Қазақстан – Түрікменстан – Иран» бағытымен теңіз айлақтарына шығып, жүк тасымалдаудың болашағы зор деп санаймыз. «Орта дәліздің» жұмысына Қытайдың қосылуын құптаймыз.

Жалпы, бұл саланың әлеуеті өте жоғары. Мұнда тек инфрақұрылым туралы сөз болып отырған жоқ. Экономиканың барлық дерлік секторы осы іргелі салаға келіп тоғысады. Сондықтан, Үкіметтің алдына заманауи инженерлік және сервистік инфрақұрылымы бар көлік-логистика тораптарын салу, теңіз порттарын, әуежайлар мен теміржол вокзалдарын жаңғыртып жөндеу, сондай-ақ тиімді цифрлық экожүйе қалыптастыру міндеті қойылды.

**– Мемлекет кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл шаруамен үкіметтердің бәрі айналысты. Бірақ, осы аса маңызды саладағы түйткілдер ақыры шешімін тапқан жоқ. Әр министр өз бағдарламасын жүзеге асырмақ болды. Соның салдарынан қыруар ақша құмға сіңіп жоқ болды. Енді біз еліміздің бұл саладағы әлеуетін ойдағыдай пайдалана аламыз ба?**

– Мемлекеттердің көбі ауыл шаруашылығына бюджеттен қыруар қаржы бөледі. Солардың қатарында Қазақстан да бар. Шаруаларға 2024 жылы 580 миллиард теңге, былтыр 1 триллион теңге жеңілдетілген несие берілді. Бұл – өте қомақты қаржы. Соңғы он жылда шаруаларға көрсетілген қолдаудың көлемі 10 есе артты, бірақ оның тиімділігі күмән тудырады. 2015-2024 жылдары ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 2,5 еседен астам өсті. Бұл көрсеткішті одан да көбейтуге болар еді.

Есесіне, егін шаруашылығындағы нәтижелер өте жақсы болды. Астық пен үн экспорты рекордтық деңгейге жетті, өнім жеткізілетін елдердің географиясы кеңейе түсті. Бұл – егіннің шығымдылығы мен ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруға арналған шаралардың нақты нәтижесі.

Енді басқа бағыттардағы жұмысты күшейту қажет. Ең алдымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан, былтыр қарашада

# ЖАҢҒЫРУДЫҢ ҚАДАМ БАСТЫ

өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды.

Билік ауыл шаруашылығын сапалық тұрғыдан дамыту үшін көп жұмыс істеп жатыр. Бірақ, қомақты инвестиция құю қалаған нәтижеге жеткізе бермейді. Оның тиімді жұмсалуына баса назар аудару керек. Мен бұл туралы жуырда Таразға барған сапарымда айттым.

Іргелес елдердің бірде-біреуінде ауыл шаруашылығына мемлекет тарапынан мұндай ауқымды көмек көрсетілмейді.

Ол жақтағы шаруалар Қазақстандағы әріптестеріне жақсы жағдай жасалғанына таңғалып, оларды «аграрлық олигархтар» деп атай бастады. Дегенмен, еліміздегі шағын шаруашылықтар жеткілікті көлемде субсидия ала алмай отыр. Үкіметке осы мәселеге айрықша назар аудару туралы тапсырма берілді.

Әлбетте, субсидиялар керек. Әсіресе, қазіргі кезеңде өте қажет. Бірақ, мұның кері әсері де бар. Себебі, масылдық пиғыл туғызып, ауыл шаруашылығына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, қазір Үкімет кооперативтерге, яғни шаруалар бірлестігін құруға қайта оралу мәселесін қарастырып жатыр. Кооперативтер еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ, дайын өнімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қатым-қатынас орнатуға жол ашады.

Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрінді. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар. Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күнкөрістен өсіп-өркендеуге бастайтын жол – осы. Кооперацияны бірлік пен жасампаздық идеологиясы деп те қарастырған дұрыс.

Бірақ, кооперация өзінен өзі пайда бола салмайды. Ел ішінде егжей-тегжейлі түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу қажет. Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жүртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді.

**– Жиі талқыланатын тақырыптың бірі – туризм. Былтыр әлемдік деңгейдегі кейбір ақпарат құралдары Қазақстанды саяхат жасауға ең лайық елдердің қатарына қосты. Дегенмен, еліміздегі курорттар мен танымал туристік орындардың жаппай қонақ күтуге дайындығына күмән жоқ емес.**

– Мұндай күмәнның туындауы заңды. Мен Үкіметке ескерту жасағаннан кейін туризмді дамыту жұмыстары жандана түсті. Алайда, алдымызда ұзақ та күрделі жол тұр. Бұл – экономика, мәдениет, қауіпсіздік және бизнес – барлығы бір жерге тоғысатын күрделі сала. Мұнда өз жұмысына жан-тәнімен берілген кәсіби мамандар, ең бастысы, нағыз отаншыл азаматтар жұмыс істеуі керек. Туризм саласында жалқаулық пен немқұрайлылыққа, ашкөздік пен дөрекілікке жол жоқ.

Былтыр Қазақстанға миллиондаған шетел азаматы келді. Ішкі туризм қарқынды дами бастады. Мұның бәрі – өте жақсы үрдіс.

Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліксіздігі мен немқұрайлылығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Әзірге таныстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз.

Туризмнің дамуына тұмса табиғатты қорғау деген желеумен кез келген жобаға қарсы науқан ұйымдастыратын кейбір «эко-белсенділер» зиян келтіріп отыр. Көпшілігінің табиғатта шаруасы да жоқ. Олар өзінің танымалдығын арттыру үшін қоғамды дүрліктіруді, қазіргі тілмен айтқанда, «хайп» жасауды ғана көздейді. Туризм бизнесінде әбден әккі болған, бәсекелестердің шыққанын қаламайтын кәсіпкерлер кейде олардың қолтығына су бүркіп отырады.

Тау шаңғысы туризміне қатысты жағдай да осыған ұқсас. «Шымбұлақ» Алматы қаласының орталығынан небәрі жарты сағаттық жердегі ерекше табиғаттың ортасында тұр. Әлемде оған тең келетін демалыс орны кемде-кем. Алайда, көптен бері ештеңе жасалмаған курорттың сыны да, сыры да кетіп, тозып барады. Табиғаттың тамаша тартуы саналатын осы көрікті мекенді дамыту үшін тың тәсілдер қажет. Қазір еліміздегі тәжірибелі девелоперлік компания іске кірісті. Бірақ, Үкімет пен әкімдіктің қолдауына қарамастан, жұмыс барысы дайындық және таныстыру шараларынан аса қойған жоқ. Ал, көрші елдерде тау шаңғысы инфрақұрылымы қарқынды салынып жатыр.

Алматы тау кластерінің әлеуеті өте зор. Бұл салада ауқатты адамдарға да, орташа табысы бар азаматтарға да бірдей қызмет көрсетілуге тиіс. Сондықтан, ондағы туристік инфрақұрылымды әртараптандыру мәселесіне назар аудару қажет.

Туризм саласындағы кадр тапшылығы – өте өзекті мәселе. Сондықтан, Түркістанда Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды. 2024 жылы оқу ордасының алғашқы түлектері дипломдарын алып, еңбек




нарығына қосылды. Алайда, бұл – жеткіліксіз. Кадр мәселесін шешу үшін қосымша шаралар қабылданады.

Дегенмен, салымыз суға кетіп, еңсемізді түсіріп отыруға да болмайды. Әлемдік деңгейдегі таблоидтар саяхатшыларға Қазақстанда демалуды ұсынып жатса, екі есе қарқынмен жұмыс істеуіміз керек. «CNN Travel» 2025 жылы Алматыны Орталық Азиядағы «сәні мен салтанаты жарасқан жаңа астана» деп атады. Алматы әкіміне шаһарды күндіз-түні қонағы үзілмейтін Нью-Йорк, Мәскеу, Париж сияқты «ешқашан көз ілмейтін қалаға» айналдыру тапсырылды. Қалада инфрақұрылымды жақсарту, абаттандыру, жарықтандыру бағытында әлі де көп жұмыс істелуі керек.

**– Жасанды интеллектінің дамуы туралы сұрағым келеді. Сіз халыққа Жолдауыңызда Қазақстанды үш жылдың ішінде цифрлық елге айналдыру қажет деген нақты міндет жүктедіңіз. Ал, жаңа жылға арналған құттықтау сөзіңізде 2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады-ңыз. Көздеген мақсатқа жету үшін не істеледі? Бастамаңыздың шын мәнінде табысты боларына сенесіз бе?**

– Қазақстан цифрлық державаға айналуы керек. Бұл – қазіргі жаңа технология дәуірінде өркениетті ел болып қалудың бірден-бір жолы. Халқымыздың ой-санасы мұндай инновацияларға дайын екеніне сенімдімін. Оның үстіне, Қазақстанда азаматтарымыздың өмір салтын едәуір өзгерткен танымал финтех компаниялар табысты жұмыс істеп жатыр.

Технология саласындағы нағыз әлемдік алпауыттар – АҚШ пен Қытай арасындағы бәсеке қыза түсті. Америка басшысы АҚШ-тың үстемдігін нығайту үшін арнайы бағдарлама жүзеге асырыла бастағанын мәлімдеді. Қытайдың да шегінетін ойы жоқ, олар мұны ұлттың абырой-беделіне қатысты мәселе деп санайды. Қазірдің өзінде Қытайда жасанды интеллект мәселесімен айналысатын бес мыңға жуық компания жұмыс істеп жатыр. Басқа дамыған мемлекеттер де қамсыз отырған жоқ.

Қазақстан да экономика мен қоғамдық өмірге жасанды интеллектіні енгізуге басымдық беріп жатыр. Еліміздің бұл жұмысқа қатысты бастапқы мүмкіндіктері жаман емес. Мемлекет көрсететін қызметтерді, қаржы технологияларын, экономиканың бірқатар секторын цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз бар. IT-стартаптарды қолдайтын толыққанды экожүйе тиімді жұмыс істеп тұр. Екі мың компанияның басын қосқан Astana Hub инновациялық кластері де бар. 2025 жылы IT-қызметтердің жалпы экспорты бір миллиард долларға жуықтады. Цифрлық активтерге арналған CryptoCity пилоттық аймағы құрылып жатыр. Жедел дамитын Alatau city қаласының құрылысы басталды. Мемлекеттік деректерді жинау және талдау жұмысының қарқыны күшейіп келеді. Кәсіби мамандар мұндай деректерді алдағы дәуірдің жаңа алтыны деп санайды.

Былтыр мамыр айында Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес жұмысын бастады. Оған шетелдің және еліміздің беделді сарапшылары шақырылды. Қарашада «Жасанды интеллект туралы» заңға қол қойылды, жаңа заң жақында күшіне енеді. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі құрылды. Alem.Cloud және Al-Farabium деп аталатын екі суперкомпьютер іске қосылды, Астана әкімдігі Біріккен Араб Әмірліктерінің танымал компаниясымен бірлесіп, дербес платформа құрды.

Кәсіби кадрларды даярлау үшін мектептер мен университеттерде тиісті білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, 650 мыңнан астам студент AI-Sana бағдарламасы аясында білім алды. Көп ұзамай Жасанды интеллект мамандандырылған зерттеу университеті ашылады.

Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алшақтай бастады. Сондықтан, мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жариялядым. Биыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін.

**– Сіздің стратегиялық жоспарларыңыздағы ядролық энергетиканың орны қандай?**

– Сенімді энергия көзі болмаса, Қазақстан экономиканың жаңа технологиялық үлгісіне көше алмайтынын түсінуіміз керек. Суперкомпьютерлерге, дата-орталықтар мен автоматтандырылған өндіріс кешендеріне өте көп энергия қажет. Бұл – жаңа заһандық технологиялық құрылыстың басты талабы.

Қуат көздерін салу үшін білікті мамандар керек. Капитал қоры шамамен 4,5 триллион доллар болатын әлемдегі ең ірі компания – NVIDIA-ның басшысы жақында «көк жағалылар», яғни техникалық мамандық иелері мультимиллионерлер қатарына қосылады деп болжам жасады.

Бірнеше атом станциясын салу – біріншіден, тарихи олқылықтың орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абыройбеделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның жаңа буынын қалыптастырамыз. Тиісінше, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертеміз. Осыны қалперден шығармаған жөн.

Тағы бір өте маңызды тақырып – жер қойнауында сирек кездесетін металдар. Болашақта ондай материалдарға деген сұраныс арта береді, алдағы бес жылдың өзінде бұл сұраныс екі есе өседі. Осы ретте, Қазақстан үшін тағы бір мүмкіндік ашылады. Еліміз жер қойнауында сирек кездесетін минералдар қоры бойынша әлемдік көшбастылар қатарына қосылуы әбден мүмкін. Қазақстан стратегиялық маңызы бар осы саладағы өз рөлін күшейту үшін АҚШ, Қытай, Ресей, Оңтүстік Корея, Жапония елдерімен және Еуропа Одағының бірқатар мемлекетімен ынтымақтастығын дамыта бастады.

**– Тағы бір тақырыпқа ойыссақ. Жүртты бұрыннан толғандырып жүрген мәселелер бар. Мысалы, кейбір ірі бизнес өкілдерінің өмірі сән-салтанатқа толы. Олар қалталы азаматтардың да, қарапайым адамдардың да қамын ойлап өмір сүруді қашан үйренеді?**

– Бизнес – кез келген елдегі экономиканың негізгі тірегі. Біз ұзақ жолды жүріп өттік. Осы жолда жүрт жекеменшік институтына ешкім қол сұқпауға тиіс екенін түсіне бастады.

Мен мемлекеттік билік жүйесінде жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, сөзбен де, іспен де ұлттық буржуазияның заңды мүддесін қорғауға тырыстым. Себебі, экономиканы өркендету және мемлекеттің қоғамдық негіздерін нығайту ісінде кәсіпкерлер елеулі рөл атқаратынын жақсы түсінемін.

Тарихи себептер мен ұлт болмысындағы ерекшеліктерге байланысты ірі бизнесмендеріміз қарапайымдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге мән бере қоймайтыны рас.

Мен Швейцарияда жұмыс істеп жүргенде аса ірі әрі белгілі кәсіпкерлермен кездесулер өткіздім. Сол кезде олардың өз қаражатын өте үнемдеп жұмсайтынын және елден дараланып көзге түскісі келмейтінін көріп, таңғалдым. Миллиардтаған қаржысы бар адамдар қонақүйдің қарапайым бір бөлмесінде тұруға намыстанбайды. Жеке ұшақпен ұшпақ түгілі, бірінші санаттағы орындарға да отырмайды. Бірақ, бұл – олардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан дағды.

Ал, біздің кәсіпкерлеріміз үшін қалыпты көрінетін өмір салты кейде қоғамның наразылығын тудырып жатады. Мұндай жағдай көптеген елде бар. Сол үшін де қайырымдылық қызметі жұмыс істейді. Бұл – қоғам мен бизнес арасындағы өзара келісім іспеттес.

**– Сіз Республика күні қарсаңында өткен азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімінен кейін кәсіпкерлермен жеке кездесіп, оларға наразылығыңызды ашық айттыңыз деп естідік. Құпия болмаса, әңгіме не туралы болды?**

– Жаңа ғана сөз болған қайырымдылық туралы, отаншылдықты жасампаз іспен көрсету жөнінде сөйлестік. Бізге халық алдындағы жауапкершілігін жақсы білетін әрі соны терең түсінетін ұлттық буржуазия керек.

Себебі, халық болмаса, олар ешқашан табысқа жете алмас еді. Мен қоғамның игілігіне қызмет ету билік жүктеген міндет емес, мәртебелі парыз екенін тағы да олардың есіне салдым. Осы орайда, шетелде табысқа жетсе де, туған жерін ұмытпай, халқына көмектесіп жүрген ірі кәсіпкерлерді жақсы үлгі ретінде атап өттім. Ондай азаматтар ауқымды жобаларды жүзеге асырып жүр. Қалаларда инфрақұрылым салып, жөндеп, мұражайлардың, емханалар мен мектептердің құрылысын қаржыландырып жатыр.

Қазақстанда көп нәрсе өзгерді. Қоғамдық сана жаңғыра түсті, мемлекеттік басқару жүйесі жаңарды, саяси қайраткерлер ауысты. Ірі кәсіпкерлер ғана жүрісінен жаңылмай, бәз-баяғы қалпында келе жатыр. Бірақ, бұл, бір жағынан, биліктің бизнеске көзқарасы дұрыс екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлердің бәрі бірдей мемлекеттің қолдауын дұрыс түсіне бермейді, әрдайым солай болуға тиіс деп қабылдайды.

Олар ауқымды жобаларды бастап алып, қит етсе Үкіметтен көмек сұрайды. Мен оларға «бизнеспен айналысып жатқан сіздер ме, әлде Үкімет пе?» деп сұрақ қойдым.

Қитұрқы саяси ойындармен әуестеніп кеткен кейбір кәсіпкерлерді сынауға тура келді. Бизнесмендер ел экономикасын өркендету үшін жұмыс істеуі керек. Тіпті, кәсіптің жілігін шағып, майын ішкен Илон Масктің өзі саясатқа белсенді араласпау туралы шешім қабылдады.

Отандық бизнес өкілдері тарихымызда бұрын-соңды болмаған алапат тасқын кезінде елдік істен шет қалған жоқ, апат салдарын жоюға қаржылай көмек көрсетті. Бұл – қуанарлық жағдай.

Мен қайырымдылықпен айналысып жүрген азаматтарды қолдау үшін арнайы «Мейірім» орденін енгіздім. Елге жанашырлық көрсетіп, әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлер биылдан бастап осы жоғары наградаға ие болады. Осылайша, олардың қоғам алдындағы абырой-беделі мен мәртебесі айқындалады.

**– Тағы бір өзекті тақырып. Қаңтар оқиғасына қатысқан бірқатар азаматқа байланысты сот процесі туралы ақпарат БАҚ беттерінде былтыр ара-тұра жарияланып тұрды. Тергеу амалдары әлі жүріп жатыр ма?**

– Бұл тақырыпқа қатысты негізгі мән-жайдың бәрі әлдеқашан белгілі болды. Сол оқиғалар бойынша тергеу жүргізу кезінде құқық қорғау органдары азаматтық қоғам өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істеді. Бірқатар қоғамдық комиссия құрылып, оған белгілі заңгерлер жетекшілік етті. Мұндай қадам жұмыстың бейтарап ұстаныммен жүргізілуіне, сол арқылы барлық оқиғаның ақ-қарасын анықтауға мүмкіндік берді. Осы орайда, азаматтық жауапкершілік танытып, кәсіби біліктілігін көрсеткені үшін оларға ризашылығымды білдіргім келеді.

2022 жылдың наурыз айында Парламентте арнайы қоғамдық тыңдау өтіп, бұл оқиғаға және еліміздің конституциялық құрылымын бұзбақ болған қылмыскерлердің әрекетіне егжей-тегжейлі баға берілді.

*Жалғасы 4-5-беттерде*

*Басы 2-3-беттерде*

Иә, кейбір сот процестері, сондай-ақ, қаңтарда ұрланған көптеген қаруды іздестіру жұмыстары әлі жалғасып жатыр. Сол күндері қылмыскерлер үш мыңнан астам қару-жарақты иемденіп кеткен еді. Бірақ күштік құрылымдардың арқасында қару-жарақ жасырылған қоймалардың көбі табылды.

Қаңтар оқиғасын талқылайтындар көбінесе сол кездегі дағдарыстың түпкі мәнін түсінуге еш пайдасы жоқ дүниелерді қазбалап кетеді. Сол үшін оларды кінәлауға да болмас. Дегенмен, ақиқат жолында ешқашан қызбалыққа салынбау керек. Алматыдағы аласапыран туралы жиі айтылып жатады, мұны түсінуге де болады. Бірақ, зұлымның сиқырлы таяқшасымен жасалғандай адам сенгісіз жағдайлар болғанын да естен шығармау керек. Нақтырақ айтқанда, бүлікті ұйымдастырушылардың әмірімен бір мезетте он екі қалада жаппай тәртіпсіздік белең алды. Оның арты қаскөйлердің көптеген облыс әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алуына әкеп соқтырды.

«Төңкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір таңғаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің едәуір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап, кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысанасы болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртке оранып, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір, арада біраз уақыт өткен соң, пиғылы арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрдымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы әңгімені әдейі айналып өтіп, қасақана ойына келгенді айтып жүр.

**– Қаңтар оқиғасынан кейін сіз олигополияға қарсы күресті қолға алып, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөнінде бастама көтердіңіз. Сол үшін Бас прокуратураның жанынан арнайы комитет құрылды. Бірақ, былтырғы Жолдауыңызда бұл құрылымның атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы тапсырма бердіңіз. Жұрт бұл шешімді жете түсініңкіремей отыр. Мұндай қадам заңсыз активтерді елге қайтару тақырыбы осымен жабылды дегенді білдіре ме?**

– Әрине, жоқ. Бас прокуратураның мәліметтеріне тоқталып өтейін. Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан, алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді.

Активтері күмән тудырып, күдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы бес триллион теңгеден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражаттың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық

## Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ҚАЗАҚСТАН ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ



орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ, мұқтаж жандарды оңалту және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарларды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Заңсыз активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру – конъюктура не болмаса жұртқа жағу үшін жасалған саяси науқан емес, бұл – мемлекеттің мызғымас ұстанымы. Әңгіме индульгенция немесе ымыраласып, астыртын келісім жасау туралы болып отырған жоқ, олай болуы мүлдем мүмкін емес.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ, кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси режимнің құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» ретіндегі құқығы тапталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені, ұстанымдарымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

**– Кейбір оқырмандар әлеуметтік желіде сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыты болудан қалды деген сыңайда пікір айтып жүр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің дербес мәртебесі жойылғанын осының бір дәлелі ретінде келтіреді. Бұл реформаның мәні неде?**

– Мұндай пікірлерден хабарым бар. Оның бәрін дұрыс түсінбеушілік немесе кейбір «арам ойлы» адамдардың бос әңгімесі деп санаймын. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі дербес мемлекеттік орган ретінде өзіне жүктелген міндетті табысты орындады. Оған кінә арта алмаймыз. Ұлттық қауіпсіздік комитеті де жемқорлықпен күреседі. Екі мекеменің бір міндетті қабаттаса атқаруы мемлекеттік маңызы бар жұмысқа кесірін тигізе бастады.

Сыбайлас жемқорлықпен барлық деңгейде күресу мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді. Бұған қатысты ешқандай күмән тумауға тиіс.

Қабылданған шешім қатардағы жемқорларды ғана емес, қылмыстық әрекеттің идеологтары мен ұйымдастырушыларын да жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қылмыстың алдын алу үшін түсіндіру және ағарту жұмыстарына әдеттегідей айрықша назар аударылады. Қазір бұл – мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құзырындағы міндет. Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыптасады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті санмен әуестенбей, сапаға мән беріп, жемқорлыққа қарсы нақты жұмыс жүргізеді. Сонда мемлекеттік қызметшілер құқық қорғау қызметкерлеріне жалтақтамай, батыл шешім қабылдайтын болады.

**– Сіз Жолдауыңызда әлеуметтік жеңілдіктер тым көбейіп, масылдық пен алаяқтыққа жол берілгенін қатаң сынға алдыңыз. Жұрт иммиграцияға қатысты көзқарасыңызды да білгісі келеді...**

– Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз – сыншы» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған» ел деп атай бастады.

Мысал ретінде, жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қомақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бейберекеттікке әкеп соқтырады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр.

Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекешелендірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ, ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша бөлінеді және бұл «жан басына сәйкес қаржыландыру» деп аталады. Науқастардың санында мүлде нақтылық жоқ, тіркеу жұмыстары қалай болса солай жүргізіледі. Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландырған жөн.

Жалпы, бұл – күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңғаламын.

Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөнсіз іс-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ, жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды.

Сонымен бірге, медицина туризмі тұрғысынан алғанда Астана мен басқа да қалаларымыздың танымалдығы арта түскені көңіл қуантады. Дәрігерге қаралып, сапалы ем-дом алу үшін көрші елдерден бөлек, тіпті, АҚШ-тың және Еуропаның кейбір мемлекеттерінің азаматтары Қазақстанға келіп жатыр.

Мемлекет мұғалімдерге және медицина саласының қызметкерлеріне өте жақсы қолдау көрсетті. Олардың жалақысы бірнеше есе өсіп, қоғамдағы мәртебесі де арта түсті. Бұл дер кезінде қабылданған орынды шешім болды.

Бірақ, алаяқтыққа жол берілмейді. Кеңес заманындағы түрлі аймақтық қақтығыстарға қатысқан «ардагерлер» әлі күнге дейін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланып келеді. Мен халыққа Жолдауымда Кеңес Одағының күйрегеніне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, «ардагерлер» күн өткен сайын көбейіп, неге екені белгісіз, жасарып бара жатқанын айттым.

Тағы бір мысал. Статистикаға қарасақ, Қазақстанда 740 мыңнан астам мүгедек адам бар екен. Еліміздің ешқандай қарулы қақтығысқа қатыспайтынын ескерсек, 20 миллион халқы бар мемлекет үшін мұның көптеу екеніне келісетін шығарсыз. Кезінде жауапты мекеме қызметкерлері мемлекеттен көмек алу үшін туыстарын, мәселен, гипертония диагнозы қойылған жақындарын мүгедектер қатарына қосып жаза салғаны анықталып отыр. Мұндай заңсыз әрекеттер аз емес. Сондықтан, Үкімет пен құқық қорғау органдарына осы салада тәртіп орнатуды тапсырдым.

Қандастар мәселесіне келсек. Әрине, мен сырттағы ағайынның тарихи Отанына оралғанын құптаймын. Бірақ, олардың қоғамымызға дұрыс кірігуіне қатысты мәселелерді шешу қажет. Былтыр Қазақстанға 16 мыңнан астам қандас көшіп келген. Соның ішінде еңбекке жарамды азаматтардың он бес пайызының ғана жоғары білімі бар. Сол себепті көбі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделу барысында қиындықтарға тап болады. Олар негізінен Алматы облысының халық көп тұратын аудандары мен ауылдарына және Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласына қоныстанған. Орталық және жергілікті билік, сондай-ақ, құқық қорғау органдары бұл жағдайға назар аударуға мәжбүр болып отыр.

Мен былтырғы сүхбатымда Қазақстанда барлық азаматтың құқығы бірдей екенін, ешкімге ешқандай артықшылық немесе басымдық берілмейтінін айттым. Біз өркениетті, әділетті мемлекет құрып жатырмыз. «Заң үстемдігін» қамтамасыз ету, білімнің сапасын арттыру, мәдениетті болу, аянбай еңбек ету, тәртіпке бас ию және мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарау арқылы ғана осы мақсатқа жетеміз. Еліміздің болашағы дарынды, бастамашыл әрі отаншыл жастардың қолында.

Мен мұны үнемі айтып жүремін. Себебі, Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың жасампаз қуатына сенемін.

**– Елдің қорғаныс қабілеті айрықша маңызды екенін бәріміз білеміз. Бірақ, сарбаздардың өліміне қатысты оқиғалар әскери қызметтің беделін, Қарулы Күштеріміздің абыройын түсіріп жатыр. Сіз армиядағы ахуалды қалай бағалар едіңіз?**

– Мен әскери борышын өтеуге шақырылған сарбаздардың жарақат алуы мен қаза болуына қатысты оқиғаларды өркениетті елге жат, теріс үрдіс деп санаймын. Бейбіт заманда мұндай жайттар болмауға тиіс. Бұл туралы барлық күштік құрылым басшыларымен жуырда өткен кеңесте де айттым. Қорғаныс саласына жауапты мекеменің басшылығын тәрбие жұмысын дұрыс қадағаламай отырғаны үшін сынға алдым. Армия жастарға қолдау көрсетіп, оларды еліміздің нағыз азаматы ретінде тәрбиелеп шығаруы керек. Командирлер әскери қызметшілерге үлгі-өнеге болуға тиіс. Әскерде әлімжеттікке, бұзақылыққа, рушылдыққа, жершілдікке орын жоқ, ондай жайттарға жол берілмейді. Мұның бәрін өзім жеке қадағалап отырамын.

Мен ахуалды түзеу үшін шұғыл шаралар қабылдау жөнінде бұйрық бердім. Дегенмен, қайғылы оқиғалар әскери бөлімшелердің бәрінде болып жатпағанын атап өткен жөн.

Тексеру жұмыстары, жалпы, әскердегі тәртіп қатаң сақталатынын көрсетті. Танымалдыққа ұмтылған кейбір блогерлер әскердегі шынайы ахуалға мүлдем жанаспайтын сөз таратып жүр. Олар армияны сарбаздар күн сайын дерлік қылмыскерлердің құрбанына айналып, қаза табатын жер ретінде көрсеткісі келеді.

Шын мәнінде, сарбаз болу – өзіңді дамыту үшін тың мүмкіндіктерге ие болу деген сөз. Әскери борышын өтеп қайтқан жастар жоғары оқу орындары мен колледждерде тегін оқи алады.

Олар әскерде жүргенде сұранысқа ие мамандықтарды меңгереді. Келісімшартпен жұмыс істейтін әскери қызметшілер мен офицерлер әлеуметтік жағынан барынша қорғалған.

Армияда темірдей тәртіп болуға тиіс. Сарбаздар ант бергенде айтатын «Әскери қызметтің ауыртпалықтары мен қиыншылықтарын табандылықпен көтеремін» деген сөзден әскери өмірдің қатаңдығын айқын аңғаруға болады.

Әскери қызметтің абырой-беделін көтеру және еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру – мемлекеттің басты басымдығының бірі. Қарулы Күштеріміздің технологиялық тұрғыдан жаңғырту жұмысы қарқынды жүргізіле бастады. Былтыр Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өткізілген әскери шеруді шетелдік саясаткерлер мен әскери қайраткерлер жоғары бағалады, бұл іс-шара армиямыздың заманауи қару-жарақпен және техникамен, соның ішінде Қазақстанда жасалған өнімдермен толық жабдықталғанын, сондай-ақ, әскери қызметшілеріміздің дайындығы өте жақсы екенін айқын көрсетті. Әскери бөлімшелеріміз ел ішіндегі және халықаралық деңгейдегі жаттығуларда тамаша нәтижеге жетіп жүр. Қазақстанда колледждерден бастап университетке дейінгі білім және ғылым мекемелерін түгел қамтитын ұлттық әскери мектеп қалыптасты.

Жуырда Тараздағы мамандандырылған әскери мектепке бардым. Онда әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасылардан шыққан балалар оқиды. Бұл – жақсы бастама. Мен осы мектепке аты

# ЖАҢҒЫРУДЫҢ ҚАДАМ БАСТЫ

аңызға айналған батырымыз Бауыржан Момышұлының есімін беру туралы шешім қабылдадым. Облыс орталығының бәрінде осындай мектеп ашу туралы тапсырма бердім. Бұл білім мекемелерінде бүкіл еліміз мақтан тұтатын сардарлар мен генералдар тәрбиеленіп шығатынына сенімдімін.

**– Тағы бір өткір тақырып – көлік апаты. Өкінішке қарай, жыл сайын жол-көлік оқиғасының салдарынан мыңдаған адам қаза болады. Сіз Жолдауыңызда да бұл тақырыпқа тоқталып, мәселені ретке келтіруді талап еттіңіз. Оң өзгерістер бар ма?**

– Бұл – көптеген ел үшін өте өзекті мәселе. Басты себептің бірі – автокөліктің көбеюі. Еліміздегі автокөлік саны былтырдың өзінде 300 мыңға, ал, соңғы бес жылда 1,7 миллионға көбейді. Оның үстіне, шамамен 3 миллион транзиттік автокөлік еліміздің аумағы арқылы өтеді. Автокөлік көбейген сайын, жол үстінде апат болу ықтималдығы арта түседі.

Ішкі істер министрлігі құқық бұзушылықты анықтау және оның жолын кесу жұмыстарын жандандыра түсті. Инфрақұрылым жетілдірілді, бақылау күшейді. Айыппұлды өсіру туралы шешім де, ең алдымен, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қабылданды.

Соның нәтижесінде ахуал жақсарып келеді, көлік апаттарынан болған адам өлімі 9,4 пайызға азайды. Алайда, қоғам жол ережесін сақтауға немқұрайлы қараса, қолға алынған шаралардың ешқайсысы тиісті нәтиже бермейді. Түптеп келгенде, жүргізушілер қарапайым, бірақ өте маңызды талаптарды сақтамағандықтан, жан түршігерлік апаттар болып жатады. Бұл жағдай көлік жүргізушілерінің жол ережесін білмеуінің немесе оны біле тұра елемеуінің кесірінен орын алады. Дәл осындай жауапсыз жүргізушілер адам өліміне әкеп соқтыратын апаттарға себепкер болады.

Кейбір дамыған елдерде көлік апаттарының алдын алу үшін жаңа тұжырымдама енгізіліп жатыр. Соған сәйкес әр адам полиция қызметкерлеріне ұсталып қалудан қорыққандықтан емес, өзінің және басқа адамдардың қауіпсіздігін ойлағандықтан жол ережесін сақтауға тиіс.

Бұған қоса, осы салаға жаңа технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізген жөн. Біз көліктер тоқтаусыз жүретін көшелер саламыз. Сондай-ақ, қоғамдық көліктердің қауіпсіздігіне айрықша назар аударамыз. Себебі, автобустардың жол апатына ұшырауы азаюдың орнына көбейіп барады.

**– 2025 жылдың екінші жартысы еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды оқиғаларға толы болды. Сіз қысқа мерзім ішінде Бейжіңде, Вашингтонда, Мәскеуде, Анкарада, Абу-Дабиде, Ташкентте, Душанбеде, Бішкекте, Ашхабадта және Токиода болып қайтқан әлемдегі санаулы қайраткердің бірісіз. Өзіңізді ірі халықаралық қақтығыстарды шешу үшін ара ағайын болуға арнайы шақырады деген де болжамдар бар. Бұл туралы не айтар едіңіз?**

– Сыртқы саясатқа қатысты жоғары деңгейдегі іс-шаралардың көптігі Қазақстанның абырой-беделі өсіп, халықаралық құқық субъектісі ретіндегі рөлі арта түскенін көрсетеді. Шетелге жасаған сапарларымнан бөлек, Азия, Еуропа және Таяу Шығыс аймақтарындағы ықпалды мемлекеттердің басшылары Астанаға сапармен келді.

Әрбір келіссөзде экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа, әлемдік аренадағы қарым-қатынасқа қатысты маңызды мәселелер көтеріледі. Былтыр экономикамыздағы басымдық берілген салаларды дамыту үшін жалпы сомасы 70 миллиард доллардан асатын құжаттарға қол қойылды.

Қазақстан Еуразия кіндігінде орналасқан ел ретінде, әсіресе, қазіргі алмағайып заманда түрлі үдерістен сырт қалмауы керек. Біздің халықаралық қатынастағы негізгі мәселелер туралы өз көзқарасымыз, нақты ұстанымымыз болуға тиіс. Сондықтан, мен БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында осы әмбебап жаһандық ұйымды реформалауға қатысты Қазақстанның ұстанымын егжей-тегжейлі айтып өттім.

Халықаралық дау-дамайларда ара ағайын болатын ешқандай ойым жоқ, сондай-ақ, бірқатар елдердің ұсыныс-пікіріне қарамастан, БҰҰ-дағы жұмысқа қайта оралатын ниетім де жоқ. Бірақ, жабық кеңестер мен пікірталастарға қатысамын, оның үстіне бірқатар мемлекет басшылары менің пікірімді білгісі келеді. Мен үшін осы маңызды жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың еш қажеттігі жоқ, себебі популизмнен аулақпын. Бұл ұстанымым жабық кеңестерге қатысушылар үшін де маңызды болса керек.

**– Жаңа жыл қарсаңында Кремльде Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев Ресей басшысымен тағы да кездесті. Кремльге қарасты ақпарат құралдары бұл жайында кеңінен мәлімет таратты. Кездесу туралы көптеген пікір айтылып, өсек-аяң өрбіді. Тіпті, Қазақстанда 2029 жылы болатын билік транзиті туралы сөз қозғалыпты, Назарбаев Владимир Путиннің тікелей қолдауымен сол істе ең басты рөл атқарғысы келеді екен деген алып-қашпа әңгіме шықты. Сіз былтырғы сұхбатыңызда Тұңғыш президент партияның ірі қайраткері ретінде көп уақытын өткізген Мәскеуді сағынатын болар, сондықтан ол жаққа жиі барады деп түсіндірген едіңіз. Дегенмен, көптеген азамат Сіздің осындай «саммиттерге» шынайы көзқарасыңызды білгісі келеді.**

– Тұрақты түрде өткізіліп жүрген кездесулер бейресми сипатқа ие. Мұны Ресей президентінің өзі де атап өтеді. Таяуда өткен Санкт-Петербургтегі басқосуда Владимир Путин маған Нұрсұлтан Назарбаевты оның өтініп сұрауы бойынша қабылдайтынын айтқан еді.

Ресей президентінің ерекшелігі: ол достарымен және әріптестерімен жылы қарым-қатынас құра біледі. Жұмысы өте қарбалас болса да, сенбі күні Қазақстанның Тұңғыш президентімен асықпай әңгімелесуге уақытын бөлді. Ол Нұрсұлтан Назарбаевты Еуразиядағы ықпалдастық үдерісінің бастауында тұрған тәжірибелі саясаткер ретінде бағалайды. Ресей бұл үдерісте жетекші рөл атқарып отыр. Кремльдегі кездесу Владимир Путиннің адамгершілігі жоғары екенін көрсетеді.

Ондай әңгімелер барысында не айтылғаны маған қызық емес, бұл туралы ешқашан сұрақ қоймаймын.

Ал, Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке басына келер болсақ, мен оны қазіргі қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған тұлға деп санайтынымды бірнеше рет айттым. Оның мемлекеттік институттарды және экономиканың нарықтық тетіктерін құру, жаңа астанамызды салу жолындағы еңбегін бәрі біледі. Өзіңізге мәлім, біз Қазақстанды Әділдік, Заң және Тәртіп орнаған ел еткіміз келеді. Сондықтан, ешкімді алаламай, әр азаматтың еңбегін әділ бағалау керек. Бұл еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа да қатысты.

**– Ал билік транзиті туралы не айтасыз?**

– Бұл жөнінде сөз қозғауға әлі ерте, алдымызда табанды жұмысқа толы бірнеше жыл бар.

**– Кейбір сарапшылар парламенттік реформа бір ғана мақсатпен – Парламент төрағасы лауазымын мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең басты лауазымға айналдыру үшін ғана өткізіледі деп санайды. Сіз бұл лауазымды өзіңізге дайындап жатырсыз деген де сыбыс бар...**

– Бұл – бос әңгіме. Мұндай пікір менің саяси қағидаттарыма қайшы келеді. Мен Қазақстанның президенттік басқару үлгісіндегі мемлекет екенін бірнеше рет айттым. Осыдан 8 жыл бұрын, яғни Ақордаға келгенге дейін «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жарияладым. Жеке бастың қамын күйттеп, мемлекеттік жүйені тұтастай өзгерте салу барып тұрған жауапсыздық, тіпті, адамгершілікке жатпайтын әрекет болар еді.

Еліміз үшін аса маңызды реформаның бәрі жалпыхалықтық референдумға шығарылады. Бұл жерде ешқандай астыртын ойлар жоқ. Менің ұстанымым баршаға белгілі, саяси реформалар жалғаса береді. Ұзақ мерзімге арналған жоспардың бір бөлігі әдеттегідей жақын арада жарияланады.

**– Биыл саяси тұрғыдан алғанда қандай жыл болмақ?**

– Қазірдің өзінде нақты айта аламын: биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды қарап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз деуге болады.

**– Сіздің күрделі мәселелерге әзілмен қарай алатыныңызды, ойыңыздың астарын өмірде болған тағылымды тарихи оқиғалар, я болмаса дипломатиялық тәжірибеңізден алынған мысалдар арқылы жеткізетініңізді «президенттік орта» жақсы біледі деседі. Олар өткен кезеңнің белгілі тұлғаларын да жиі тілге тиек ететініңізді айтатын көрінеді. Жоғары деңгейдегі саясаткер ретінде бұл қабілетіңіз Сізге септігін тигізе ме?**

– Әзіл айта білу және тарихи деректерді жетік білу үлкен саясатта да жоғары бағаланады. Мен кәсіби тарихшы емеспін. Сондықтан, көптің алдында өткен дәуірлерге қатысты тақырыптарға бара бермеймін. Бірақ, тарихқа қызығамын, кітаптар мен мақалалар оқимын. Десе де, тарихи деректерді қазіргі саясаттың мүддесіне пайдалануға болмайды деп санаймын.

Белгілі жазушы, драматург Эдвард Радзинский өткен ғасырдағы 80-жылдардың басында Сталин туралы іргелі зерттеу кітабын жазуға кіріскенін айтыпты.

Қаламгердің елге «қайта құру қаһармандары» ретінде танылған достары «Сенің Сталинің кімге қажет? Ашықтық пен демократия дәуірі басталғанын білмейсің бе? Сталинизм заманы келмеске кетті» деп кекетсе керек. Сонда жазушы «Мен кітапты жазып бітірген кезде жұрт Сталиннің суретін көтеріп алып, көшеде жүретін болады» деген екен. Ақыры солай болып шықты.

Тарихтан талай нәрсені үйренуге болады, күні кеше ғана қуғында жүрген жандар ертең-ақ ұлы тұлға атанады. Есесіне, Ленин сынды көсемдердің әжуаға айналуы оп-оңай, халық оның қанатты сөздерін әлдеқашан ұмытқан. Ал, Троцкий өз естеліктерінде «партиямыздың ең көрнекті ортақол адамы» деп атаған Сталинді қазір жұрт мадақтайды, тіпті, «Кадр бәрін шешеді», «Бала әкесі үшін жауап бермейді», «Өмір қандай керемет, өмір қандай көңілді», «Табыстан бас айналу», «Гитлерлер келеді-кетеді, ал неміс халқы қала береді» деген сөздері үшін пір тұтады. Осындай тарихи парадоксар бізде де аз емес...

**– Ойыңызды тарқатып айтасыз ба?**

– Кез келген елдің, соның ішінде біздің де төл тарихымызда қайшылыққа толы оқиғалар мен ақиқатынан аңызы басым тұлғалар жетіп артылады. Тарихи деректерді бұрмалау, халыққа жасаған еңбегі күмәнді, яғни нақты мәліметтермен немесе құжаттармен дәлелденбеген адамдарды шамадан тыс ұлықтап көрсету – мен үшін мүлде ақылға қонбайтын нәрсе.

Соңғы жылдары Қазақстанда тарих ты талқылау сәнге айналды. Түрлі подкасттар, фильмдер, мақалалар мен кітаптар шығып жатыр. Әрине, халықтың төл шежіресін тануға деген қызығушылығын түсінуге болады. Жалпы, бұл – құптарлық дүние.

Алайда, өкінішке қарай, мемлекетке кесірі тиетінін жете түсінбей, көпшіліктің көңілін табу үшін ойдан шығарылған деректер мен жалған ақпараттар таратын, халқымыздың басынан өткен қиындықтарға өзге жұртты кінәлайтын тарихшысымақтар пайда болды. Жұрт олардың сандырағына сеніп, өткен дәуірдің жалған батырларын ұлықтай бастады. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Бұл – ақиқат жолы емес, керісінше «жалған түсінік туғызатын теріс жол».

Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі санасезімімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс. Ойдан шығарылмаған, яғни ақиқатқа құрылған шежіре бізді тарихтан тағылым алып, кемшіліктерімізді түзетуге, сол арқылы болашаққа сеніммен қадам басуға үйретеді. Сондықтан, біз Абайды және оның ойтолғамдарын кеңінен дәріптеп келеміз. Ол қоғамдағы кемшіліктерді бүкпесіз айтып, «Толық адам» болуға бастайтын дұрыс жолды нұсқап кетті. Ұлы ойшылдың ұрпаққа қалдырған баға жетпес мұрасы саналатын «Қара сөздері» әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Абай халқымыздың еңбекқор, білімпаз және адамгершілігі жоғары болғанын қалады. Мән-мағынасы жоқ сансыз пікірталастан басқа ұрпаққа ұлағат боларлық сөз қалдырмаған бірқатар қоғам қайраткерлерінің мұрасынан Абай ілімі әлдеқайда биік тұрғаны анық. Бірде-бір дәуірде, әсіресе, саяси аласапырандар кезеңінде көпірме сөздің еш пайдасы болмаған.

**– Сіздің «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлыққа қол қойғаныңыз былтырғы айтулы қадамның бірі болды. Жұрт идеологияның рөлі, отаншылдық туралы жиі айтады. Сіз отаншылдық дегенді қалай түсінесіз?**

– Меніңше, отаншылдық деген ұлы сезім жылтырақ сөзбен, жалған әрекетпен бағаланбауға тиіс. Нағыз отаншыл азамат жұрттың алдында кеудесін соғып көпірмейді, етегі жасқа толып еңіремейді, оңды-солды сұхбат беріп ділмәрсімейді. Үндемей жүріп, үлкен іс бітіреді. «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратынның» бәрі патриот емес. Отаншыл болу – туған еліңнің, отбасыңның игілігі үшін аянбай еңбек ету деген сөз. Қоқысты жинау, тал егу, табиғатты аялау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету де – отаншылдықтың белгісі.

Мен аймақтарға іссапармен барғанда инженерлермен, жұмысшылармен, мұғалімдермен, дәрігерлермен, шаруалармен, әскери қызметшілермен, мәдениет қайраткерлерімен кездесемін. Олардың бәрі – сүйікті Отанымыздың нағыз патриоттары. Отан отбасыңнан, аулаңнан, көшеңнен басталады. Сондықтан, айналаңды аялап, табиғатты таза ұстау керек.

Әлемде мультикультурализмді қолдап, ұлтаралық және дінаралық татулықты жақтайтындар мен өзін нағыз патриот санайтын радикалды ұлтшыл топ өкілдері арасында қақтығыс болып жатыр. Меніңше, екі жақтың да ұстанымы ұшқары. Себебі, Азияда бағзы заманнан бері заң мен тәртіпке бағынып, берекебірлікте, тату-тәтті өмір сүрудің «үлгілі үйлесімі» бар.

*Жалғасы 6-бетте*

**Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:**

# ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ



*Басы 4-5-беттерде*

Мен бұған дейін қоғамдық өмірдің «Бірлігіміз – әралуандықта» деп аталатын маңызды қағидатын жариялаған болатынмын. Бұл азаматтарымыз бірін-бірі құрметтеп, сабыр сақтап, тәртіпті болуы қажет дегенді білдіреді. Тағы да қайталап айтайын: Қазақстан үшін «Заң мен Тәртіп», қолмен істегенді мойынмен көтеру қағидаттары айрықша маңызды. Әйтпесе, жоспарларымызды орындап, мақсаттарымызға жету екіталай болмақ.

**– Биыл Қазақстан халқы қастерлі Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық мерейлі белеске жеткенін атап өтеді. Бұл – тарих тұрғысынан алғанда қас-қағым сәт болғанымен, жекелеген мемлекеттер мен адамдар үшін біршама ұзақ мерзім. Сіз Қазақстанның жүріп өткен жолын қалай бағалар едіңіз? Алдағы бағдарымыз қандай?**

– Мемлекет құру ісінің куәгері болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Иә, жетістіктермен қатар, қателіктер де болды. Онсыз мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұралаңы көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеулестік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ жымысқы ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-жылдардың басында шетелдерде «қазақтардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікір айтылып жатты. Өйткені, демографиялық ахуал мен кеңес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді.

Өмірдің өзі бұл болжамдарды жоққа шығарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ, алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар.

**– Қазіргі жастар – өте талапшыл әрі талғампаз. Әлеуметтік желіден олардың «Қазақстан «прайм-дәуірге», яғни, керемет кезеңге қадам басты» дегенін көргенде таңғалдым. Осыған қатысты не айтар едіңіз?**

– Жастарымыздың күш-қуаты мол, үміті мен сенімі зор әрі азаматтық санасезімі өте жоғары. Олар – бар ықыласымен болашаққа ұмтылатын отаншыл азаматтар. Дәл осындай өршіл ұстанымның арқасында еліміз талай рет алдынан шығатын сын-қатерлерді еңсеріп, қиындықтарды жеңгері сөзсіз.

Жастардың қуанышы орынсыз, тіпті, оғаш көрінуі мүмкін. Бірақ, олардың ой-пікірімен санасқан жөн. Жастар Отанымызға тек жақсылық тілейді. Бұл біздің қоғамымыздың жасампаздық рухын білдіреді.

Өскелең ұрпақ бүгінгі ахуалға арман-қиялмен емес, нақты көзқараспен қарауы қажет, виртуалды емес, шынайы әлемде өмір сүруі керек. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүрмей, ерінбей еңбек етіп, өзін темірдей тәртіпке тәрбиелей білгені жөн.

**– Қазақстанның дамуы туралы айтар болсақ, осы жылдан не күтесіз? Алда қандай маңызды оқиғалар болады? Мақсат-мұраттарыңыз қандай?**

– Биыл көп жұмыс істеуіміз қажет екенін айтып өттім. Осы жылы ауқымды саяси өзгерістердің жаңа кезеңі басталады, экономикалық реформалар жалғасын табады.

Еліміз жаңғыру жолына біржола түсіп, қоғамымыздың болмысы мен бет-бейнесін түбегейлі өзгертуге тиіс. Азаматтарымыз жаңа дәуірге бейімделуі қажет. Бұл – оңай шаруа емес. Бірақ, халқымыз, соның ішінде жастарымыз алмайтын асу жоқ. Бұған кәміл сенемін.

Мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялайдым. Бұл еліміз үшін тарихи мүмкіндік екенін жаңа ғана айтып өттік. Түбегейлі цифрлық өзгерістер жасап, жасанды интеллектіні енгізу экономиканың және басқа да көптеген саланың дамуына тың серпін береді. Мемлекетті басқарудан бастап, білім беру және денсаулық сақтау саласына дейін – барлық бағытта өсіп-өркендеуге жол ашады.

Тәуелсіздігіміздің 35 жылдығы – еліміз үшін айтулы дата әрі осыған дейін жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізіп, болашаққа жоспар құратын сәт. Тәуелсіздіктің мерейлі белесін ас та төк науқаншылдыққа айналдырмау керек, бұл Қазақстанның өсіп-өркендеуінің символы болуға тиіс.

Мен Президент ретінде «Таза Қазақстан» акциясын алдағы уақытта да ерекше назарымда ұстаймын. Бұл жұмыстың мән-маңызы өте зор. Себебі, «Таза Қазақстан» жүртты үнемшіл әрі ақпейіл болуға, даңғазалықтан арылуға, үнемі ізденіп, алға ұмтылуға, ортақ жауапкершілікті ұмытпауға, елге жанашырлық танытып, қайырымдылық жасауға үндейді. Біздің бастамамызбен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Бұл қадам «Таза Қазақстан» идеясымен толық үндеседі.



Мен осы жалпыхалықтық қозғалысты айрықша маңызды идеологиялық акция деп санаймын. Өйткені, тазалық дегеніміз – мағынасы терең, мазмұны сан қырлы ұғым. Тазалық ұғымы жан дүниенің де, жер дүниенің де тоқырауын емес, гүлденуін, кіршіксіз таза болуын білдіреді. Түптеп келгенде, тазалық ұлт болмысының өзегіне айналуға тиіс.

**– Жұрт Сізді жеке тұлға ретінде де тани түскісі келеді. Сіз жеке өміріңізді көпшілікке жария етуді ұната бермейтін сияқтысыз. Өзіңізді жақсы білетін адамдар «ол жазба мәтіндерге өте мұқият қарайды және асқан табандылықпен жұмыс істейді» дейді. Жеке басыңызға қатысты осындай сұрақтар аз емес. Осының бәрін қорыта айтсақ, Сізді жан дүниесі мен мінез-құлқы қандай адам деуге болады?**

– Мен 1975 жылы КСРО сыртқы істер министрлігінің табалдырығын алғаш рет аттадым, мемлекеттік қызметке келгеніме былтыр 50 жыл болды. Алғашқы мамандығым бойынша мен – қытайтанушымын. Бұл кәсіп айрықша табандылықты қажет етеді. Шынымен де, мәтінмен жұмыс істеуге әбден дағдыланғанмын, нашар стильді, әсіресе, әріп қатесін суқаным сүймейді. Жолдауларымды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті, әріптестеріме жолданатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтынымды аппараттағылардың барлығы біледі.

Саналы ғұмырым темірдей тәртіпті, зор жауапкершілікті, жүйелі жұмыс істеуді талап ететін мемлекеттік қызметте өтіп келеді. Мұның бәрі менің мінез-құлқым мен дүниетанымыма өз әсерін тигізді. Сондықтан, «Сіз кімсіз?» деген сипаттағы сауалыңызға қысқаша ғана «мен – мемлекетшіл адаммын» деп жауап берейін.

**– Жақында АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің денсаулығы туралы мәліметтерді жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Сіз көп ашыла бермейсіз. Дегенмен, денсаулығыңыз жайлы түрлі әңгіме айтылып жатады. Кейбіреулер Сіздің салмақ тастап, сергек көріне бастағаныңызды атап өтсе, енді біреулер оған керағар пікір білдіріп жүр. Бұл туралы не дер едіңіз?**

– Денсаулығым жақсы, қан қысымым қалыпты. Күн сайын йогамен шұғылдануды әдетке айналдырдым, бірақ медитация жасамаймын. Бұрынғы кәсіпқой спортшымен аптасына екі рет үстел теннисін ойнаймын.

Расымен, тоғыз келі салмақ тастап, өзімді әлдеқайда жайлы сезінетін болдым.

**– ТМД елдеріндегі әріптестеріңіздің ішінде тағы кім спортқа жақын?**

– Таяуда Бішкекте өткен бейресми іс-шара кезінде Путин жас дзюдошыға қарсы әдемі әдіс жасап, аға буынның абыройын көтеріп тастады. Әлиев те мықты, кәнігі спортшы сияқты үнемі жаттығады, Жапаров футбол ойнайды. Мирзиёев те ширақ, ол жаттығу залында шынығады. Пашинян велосипед тебеді. Лукашенко әлі күнге дейін хоккей ойнайды екен. Кезінде теңіз-әскери күштерінде болып, әбден шыныққан Рахмонның да денсаулығы жақсы. Бір сөзбен айтсам, әріптестерімнің бәрі де бабында.

**– Президент мырза, бүгін өте мазмұнды әңгіме болды. Халықты толғандыратын көптеген маңызды мәселені талқыладық. Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын.**

– Мен әрдайым қоғамның көңілкүйі мен азаматтардың мұң-мұқтажын біліп отыруға тырысамын. Түйткілді мәселелер мен жоба-жоспарларды ашық әрі тура айтамын. Қазақстанның әлеуетін еселей түсу үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз бір ел болып, халықтың мүддесін қорғау жолындағы биік мақсатымыздың бәріне жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Газеттеріңіздің жұмысы табысты болсын! Редакция қызметкерлеріне менен дұғай сәлем айтыңыз.

**– Міндетті түрде сәлеміңізді жеткіземін!**

**Әңгімелескен –**
**Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ**

# «Орта дәліздің» ОЛЖАСЫ

БЫЛТЫР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЛАҢДАРДА, БИІК-БИІК МІНБЕРЛЕРДЕ ОРТА ДӘЛІЗДІҢ МАҢЫЗЫ ТУРАЛЫ ЖИІ АЙТЫЛДЫ. СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНЕ ДЕ ӘЛЕМ НАЗАРЫ АУДЫ. БҰДАН БӨЛЕК, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТА ӨЗ ЖОЛДАУЫНДА КӨЛІК-ЛОГИСТИКА СЕКТОРЫН ДАМЫТУ АСА МАҢЫЗДЫ ЕКЕНІНЕ, БҰЛ ЕЛІМІЗДІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕТУДІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ БОЛА АЛАТЫНЫНА ТОҚТАЛҒАН БОЛАТЫН.

Ділда УӘЛИБЕК



Жалпы, Транскаспий халықаралық көлік маршрутының маңызы неде? Оның логистикалық әлеуетін көтеріп, маңызын аспандатып отырған нендей факторлар? Осыған орай еліміз Еуразия кеңістігіндегі ең маңызды транзит торабына, шығыс пен батысты жалғаған басты көпірге айнала ала ма? Жаңа мүмкіндіктер мен стратегиялық бағыттарға, шектеулер мен кедергілерге ой жүгіртіп көрдік.

## БОЛАШАҒЫ ЗОР БАҒЫТ

Азия мен Еуропа арасындағы жүк тасымалы ұзақ уақыт бойы бір ғана ұстанымға сүйеніп келді: ең қысқа әрі сенімді жол – Ресей арқылы өтетін Солтүстік дәліз. Дегенмен кейінгі жылдардағы геосаяси сын-қатер, санкциялар мен жеткізу тізбектерінің үзілуі логистиканы техникалық емес, саяси мәселе деңгейіне көтерді. Осы жағдай Транскаспий халықаралық көлік маршрутын, яғни Орта дәлізді балама жол емес, қажеттілік ретінде алға шығарып отыр.

Транскаспий бағыты Қытайдан басталып, Қазақстан, Каспий теңізі, Әзербайжан, Грузия және Түркия арқылы Еуропаға жетеді. Бұл – мультимодаль маршрут: теміржол теңіз тасымалымен ұштасады. Кейінгі жылдары осы Орта дәліз батыс пен шығыстың назарын аударып отыр. Әсіресе, Еуроодақ елдері тасымал жолына аса қызығушылық танытты.

Мәселен, былтыр елімізге ресми сапармен келген Италия премьері Джорджа Мелони Орталық Азия мен Италия арасындағы өзара ықпалдастықтың өзегі цифрлық инфрақұрылым мен тасымал инфрақұрылымы екеніне тоқталған еді.

– Осыған байланысты Орта дәліз ең келешегі зор және ең тартымды бағыт саналады. Бұл бастама стратегиялық ынтымақтастықты нығайтып, жеткізу тізбегі мен тұрақтылыққа елеулі үлес қосады деп сенеміз, – деді Италия Министрлер кеңесінің төрағасы.

Одан бөлек, Еуропа парламенті Орта дәліздің жаһандық логистикадағы үлғайып келе жатқан маңызын талқылаған болатын. Еуропалық парламент депутаты Ильхан Кючук: «Геосаяси жағдайларды ескере отырып, қарым-қатынастарымызды күшейту қажет. Барлық сын-қатерлерге біртұтас тәсілмен жауап беру маңызды. Бұл екі тараптың да мүддесіне сай», – деді. Ал Diplomatic World журналының жобалар жөніндегі жетекшісі Альберто Тюркстра: «Қазақстан автомобиль және теміржол жолдарын, сонымен қатар екі Каспий портының инфрақұрылымын белсенді жаңғыртып, Орта дәлізді дамытуда көшбасшыға айналып отыр», – деп атап өтті.

Былтырғы қарашада АҚШ-та С5+1 форматында өткен саммитте еліміздің логистикалық әлеуетін көтеруге септігін тигізетін маңызды келісімдер жасалған еді. Сол кезде сарапшылар бұл жиын Транскаспий дәлізінің мүмкіндігін кеңейтуге жол ашады деген болжам айтқан болатын.

Одан бөлек, Алматыда Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ) мүше елдердің көлік министрлерінің VIII кездесуінде де Транскаспий халықаралық көлік маршрутын дамыту күн тәртібіндегі басты мәселе ретінде қарастырылған болатын. Бұл бағыт өңірлік логистикалық архитектураның негізгі элементі ретінде қарастырылып, мемлекеттердің өзара байланысын күшейтуге және көлік дәліздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қабілетті құрал ретінде бағаланды. Тараптар Каспий теңізі арқылы тасымал көлемін ұлғайту, қайта тиеу пункттерін салу және паром қатынасын іске қосу жөніндегі бастамаларды қолдады. Инфрақұрылымды жаңғырту мен цифрландыру бағытындағы бірлескен қадамдар тауар айналымын жеделдетіп, логистиканың тиімділігін арттыруға жол ашпақ.



АХҚО Еуразия континентіндегі елдер, атап айтқанда ЕО, Қытай, Үндістан және Орталық Азияның негізгі экономикасы өседі, демек, инвестициялар мен сауда айналымы артады деп болжайды. Бұл елдер әлемдік экономиканың 40 пайызын, ал әлем халқының 43 пайызын құрайды. Ең жоғары өсім Үндістан мен Орталық Азия экономикаларында байқалатын болады. Сондықтан логистикалық мүмкіндіктерді әртараптандыру жүк айналымының бір бөлігін құрлыққа бағыттауы мүмкін. Соның ішінде Орта дәліз Орталық Азия үшін маңызды рөл атқарады. Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша 2030 жылға қарай Орта дәліз бойынша жыл сайынғы тасымалдау көлемі үш есеге артып, Орталық Азия мен Кавказдың экономикалық өсімі 11 миллион тоннаға жетуі мүмкін. Өсіп келе жатқан жүк ағынына жауап беру үшін инфрақұрылымның өткізу қабілетін кеңейту, қосымша халықаралық келісімдер қажет. Еуропа қайта құру және даму банкінің бағалауы бойынша Орталық Азияның көлік инфрақұрылымын едәуір жақсарту және орнықты байланыстарды қамтамасыз ету үшін қажет инвестицияның жалпы көлемі – 18,5 млрд еуро. Соның ішінде Қазақстанға құны 5,5 млрд еуро болатын 13 жобаны жүзеге асыру керек.

## МҮДДЕЛЕР ТОҒЫСАТЫН НҮКТЕ

Қытайдан Еуропаға құрлық арқылы тасымалданатын тауардың 80 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Кейінгі 15 жылда еліміз көлік қатынасын дамытуға 35 млрд доллар инвестиция құйған. Нәтижесінде, 5 теміржол дәлізі, 8 транзиттік бағыт, 2 теңіз порты, 25 әуежай салынды. Осылайша, Орта дәліздің бір торабы ретінде Қазақстан транзиттік ел ғана емес, екі континентті жалғайтын логистикалық хаб ретінде дамуға мүдделі, дамып та келеді.

Мәселен, Достық – Мойынты учаскесі Орта дәліздің маңызды торабы ретінде Қазақстанның транзиттік әлеуетін жаңа деңгейге көтеріп отыр. Бұл бағыт елді Қытайдан басталатын тауар ағындарын Транскаспий арқылы Еуропаға жеткізетін мультимодаль жүйенің негізгі буынына айналды. Ұзындығы 836 шақырым жаңа екінші жолдың салынуы және өткізу қабілетін күніне 12 жүп жүк пойызынан 60 жұпқа дейін арттырады. Сонымен қатар Достық – Мойынты Орта дәліздің сенімді торабының бірі, өйткені ол теңіз бен теміржол тасымалын біріктіруге, үйлестіруге мүмкіндік береді. Оның Ақтау мен Құрық порттары арқылы теңіз қатынасына қосылуы тауарларды Еуроодаққа 12-15 күнде жеткізуге мүмкіндік береді.

Жалпы, Орта дәліздің Қазақстанға берері транзиттік табыстан да көп. Еуроодақтың Орталық Азияға, соның ішінде Қазақстанның көлік инфрақұрылымына белсенді инвестиция салуы кездейсоқ емес. Орта дәліз елімізді шикізат жеткізуші ғана емес, өңірлік хабқа айналдыруға мүмкіндік береді. Уран, мыс, никель, алюминий сияқты стратегиялық ресурстарға сұраныс «жасыл энергетика» мен жоғары технологиялар дәуірінде күрт өсіп отыр. Ал Еуропалық одаққа дәл қазір осы ресурстарға балама жеткізу арналары мен сенімді серіктес керек. Еліміз осы мүдделер тоғысатын нүктеге айнала алады. Орта дәліз Қазақстанның «теңізге шыға алмайтын мемлекет» ретіндегі осалдығын «құрлықтағы байланыстырушы держава» деңгейіне көтере алады.

## БАСЫМДЫҚ ЕМЕС, БАЛАМА

Орта дәліздің мүмкіндігін бағалау үшін балама бағыттармен де салыстыру қажет. Мәселен, Транссібір теміржолы әлі күнге дейін ең қуатты әрі толық жетіліп, қалыптасқан бағыт болып отыр. Инфрақұрылымы дайын, өткізу қабілеті жоғары, тарифтері салыстырмалы түрде тұрақты. Көлемді жүк тасымалы үшін бұл ең тиімді маршруттың бірі. Алайда оның басты кемшілігі – геосаяси тәуелділік. Ресей арқылы өтетін транзит көптеген халықаралық компания үшін болжап білуге келмейтін факторға айналды. Сондықтан Солтүстік дәліз арзан әрі ыңғайлы болғанымен, «саяси құны» өсіп келеді.

International North–South Transport Corridor (INSTC) Еуропа мен Ресейден Иран арқылы Үндістанға шығады. Бұл бағыт Азия – Еуропа емес, Солтүстік – Оңтүстік логикасына құрылған. Оның артықшылығы – Парсы шығанағы мен Оңтүстік Азия нарықтарына да қол жеткізуге мүмкіндік беретіні. Бірақ инфрақұрылым біркелкі дамымаған, кей учаскелерде әкімшілік және техникалық кедергілер көп. Сондықтан INSTC Транскаспийге тікелей бәсекелес бола алмайды, функционалдық тұрғыдан да бөлек дәліз.

Lapis Lazuli секілді бағыттар Орталық Азияны Түркия және Таяу Шығыспен байланыстырады. Олар аймақтық интеграцияға аса маңызды, бірақ жүк көлемі мен тұрақтылығы жағынан Орта дәлізбен теңесе алмайды. Бұл маршруттар стратегиялық «қосымша жол» рөлін атқарады.

Сонымен, Транскаспийдің басқа жолдардан айырмашылығы неде? Ең алдымен, геосаяси тұрғыдан бейтарап Орта дәліз жүк жөнелтушілерге санкция қаупін төмендетуге мүмкіндік береді. Екіншіден, уақыт факторы. Мультимодаль маршрут – жылдамырақ, икемдірек.

Тәуекелдері де жоқ емес. Каспийдегі паром флоты шектеулі, логистикалық тізбек бірнеше елге тәуелді, тарифтер біркелкі емес. Осы Транскаспий бағыты туралы Қазақ-Неміс университетінің ғалымдары (Жандос Кегенбеков, Диана Бектурова және Юлия Гамидова) арнайы зерттеу жүргізіп, басты кедергілерге тоқталады. Олардың пікірінше, басты қиындық – инфрақұрылымның дамымауы. Дәл осы фактор дәліз жұмысының тиімділігін тежеп тұр.

Президент жанындағы ҚСЗИ-дің жаһандық экономика және тұрақты даму бөлімінің басшысы Ерлан Жақыпов та Орта дәліздің мүмкіндігін толық пайдалану үшін көлік инфрақұрылымын жетілдіруді жалғастыру қажет деген пікір айтады. Ал зерттеуші Шыңғыс Зипатолланың пікірінше, уәдесі зор, аты дардай жобалардан гөрі мақсаты анық, нақты бағыты бар бастамалар Орта дәліздің белсенділігін арттыруға көбірек үлес қоса алады.

● ПІКІР:



**Ерлан ЖАҚЫПОВ,**
*ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-дің жаһандық экономика және тұрақты даму бөлімінің басшысы:*

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТУ ЖАҢА ҚОЗҒАУШЫ КҮШ ТУДЫРАДЫ**

– Еліміз қазірдің өзінде Еуропа мен Азияны байланыстыратын негізгі буынға айналып отыр. Кейінгі жылдары ел аумағынан өткен тасымал көлемі 1 миллиард тоннадан асты. Бұл тұрғыда Транскаспий халықаралық көлік маршрутының (Орта дәліз) маңызы зор. Ол дәстүрлі бағыттарға балама ретінде қарастырылып, елдің жаһандық экономикаға кірігуіне мүмкіндік ашады.

Көлік министрлігінің дерегіне сәйкес, кейінгі бес жылда Транскаспий халықаралық көлік маршруты арқылы өткен тасымал көлемі 6 есеге өскен. 2020 жылы 0,8 млн тонна болса, 2024 жылы 4,5 млн тоннаға жеткен. Тек 2024 жылдың өзінде 2023 жылғы 2,8 млн тоннамен салыстырғанда өсім 62 пайыз болған. Қазір маршруттың өткізу қабілеті жылына 6 млн тоннаға жетіп отыр. 2027 жылға қарай бұл көрсеткішті 10 млн тоннаға дейін жеткізу жоспарда бар. Статистика көрсеткендей, бұл маршрут тек транзит функциясын ғана емес, сонымен қатар Қазақстан өнімін экспорттау (тасымалдың 72 пайызы – азық-түлік, металл, мұнай-химия) және шетел тауарын импорттау үшін де белсенді қолданылады. Бұл Орта дәлізді халықаралық сауданың басты арнасының бірі және ұлттық экономиканың өсу факторы ретінде қалыптастырады.

Бұл ретте Мемлекет басшысы: «Сонымен қатар көлік жүйесін басқарудың жаңа үлгісін жасаған жөн. Себебі мемлекет инвестициясының экономикалық қайтарымы айқын болуға тиіс. Контейнермен жүк тасымалдау ісіне тың серпін беру керек. Әлемде құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 16 пайыздан астамы контейнермен жіберіледі. Бірақ елімізде оның үлесі әлі де төмен – небәрі 7 пайызға жуық», – деп баса айтты.

Осылайша, контейнермен тасымалдау мен мультимодаль бағыттарды дамыту инфрақұрылымға инвестиция тартудың, шикізаттан басқа салаларды дамытуға серпін берудің және Қазақстанның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілетін арттырудың маңызды шартына айналып келеді. Сәйкесінше, Қазақстан Орта дәлізді тек транзит маршруты ретінде ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіп өсімінің, шикізаттан басқа секторларды дамытудың және жаһандық экономикаға қатысуды кеңейтудің платформасы ретінде қарастырады. Бұл бағыттағы жобаларды іске асыру ұлттық экономикаға мультипликативтік әсер беріп, инфрақұрылымға, логистикаға, өнеркәсіпке және ілеспе қызметтерге инвестиция тартуға серпін береді.

Маңызды бағыттың бірі – мультимодаль хабтарды, логистикалық орталықтарды, порт инфрақұрылымын және цифрлық транзит қызметтерін дамыту. Бұл халықаралық көлік желілеріне белсене араласуға жағдай жасайды.

Сонымен қатар Орта дәліз аясында Әзербайжан, Грузия, Түркия және ЕО елдерімен байланыс ауқымын кеңейту Қазақстанның Шығыс пен Батыс арасындағы сенімді серіктес әрі көлік көпірі ретіндегі стратегиялық маңызын арттырады. Орта дәліз тек көлік стратегиясының элементі ғана емес, сонымен қатар елдің геоэкономикалық позициясын нығайтудың құралы, сондай-ақ жаһанды тұрақсыздық жайлап тұрған уақытта тұрақты дамудың маңызды факторы ретінде қарастырылады. Бұл ретте сыртқы экономикалық байланыстарды әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібінде экспортқа бағытталған кластерлерді қалыптастыру, заманауи логистикалық және цифрлық сервистерді дамыту, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылым мен тұрақты энергетикаға инвестиция тарту бойынша жаңа мүмкіндіктер ашылады.

Дүниежүзілік банктің болжамы бойынша, 2030 жылға қарай Орта дәліз бойынша Каспий теңізі арқылы тасымалдау көлемі үш есе өсіп, 11 миллион тоннаға жетпек, оның 4 миллион тоннаға жуығы контейнерлермен тасымалданады. Транзит жүктерінің негізгі бөлігі Еуропа мен Қазақстан арасындағы, сондай-ақ Еуропа мен Қытай арасындағы сауданың бір бөлігі ретінде осы бағыт арқылы өтеді.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін көлік инфрақұрылымын жетілдіруді жалғастыру қажет. Logistics Performance Index (LPI) рейтингінің «көлік инфрақұрылымы» қосалқы индексінде Қазақстан 2018 жылғы бағалаумен салыстырғанда позициясын жақсартқан, 138 елдің арасында 80-орынға ие болды (2018 жылы 81-орын). Дегенмен позицияларды одан әрі нығайту және жүк тасымалы көлемінің өсуін ынталандыру үшін айтарлықтай қаруар қаржы қажет. Еуропалық қайта құру және даму банкінің болжамына сәйкес, Орталық Азияның көлік инфрақұрылымын айтарлықтай жақсарту үшін Қазақстанға 5,5 миллиард еуро, жалпы аймаққа 18,5 миллиард еуро инвестиция қажет.

Осылайша, көлік-логистикалық инфрақұрылымды одан әрі дамыту Қазақстанның транзиттік әлеуетін көтеріп қана қоймай, өсімге ықпал ететін жаңа қозғаушы күш қалыптастыруға, өңірдің халықаралық саудадағы рөлін күшейтуге және ұзақ мерзімде ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетін жақсартуға, еліміздің жаһандық экономикалық процестерге белсене араласуына жол ашады.

● ПІКІР:



**Шыңғыс ЗИПАТОЛЛА,**
*зерттеуші, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті Дүниежүзі тарихы мен халықаралық қатынастар кафедрасының оқытушысы:*

**МАҚСАТЫ АНЫҚ БАСТАМАЛАРДЫҢ БЕРЕРІ КӨП**

– Транскаспий бағыты Орталық Азияны Әзербайжан, Грузия және Түркия арқылы Еуропамен байланыстырады. 2024 жылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізі арқылы тасымалданған жүк көлемі шамамен 6 миллион тоннаға жетті. Бұл көрсеткіш Ресей арқылы өтетін Солтүстік дәліздегі жүк көлемінен шамамен 16 есе аз. Сондықтан өткізу қабілеті мен ауқымы тұрғысынан алғанда, Транскаспий маршруты жақын арада Солтүстік дәліздің орнын толық баса алмайды.

Ал кейінгі екі жылда Еуропалық одақ Орталық Азия елдерінің экономикасына шамамен 22 миллиард еуро инвестиция салды. Оның жартысынан астамы көлік-логистикалық байланыстарды дамытуға, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің инфрақұрылымын кеңейтуге бағытталды. Мәселен, 2024 жылғы қаңтарда өткен ЕО – Орталық Азия көлік байланысы жөніндегі инвесторлар форумында Транскаспий халықаралық көлік бағытына 10 миллиард еуро (11 миллиард доллар) бөлінетіні жарияланды. Кейін, 2025 жылғы сәуірде Өзбекстанда өткен алғашқы ЕО – Орталық Азия саммитінде Global Gateway бастамасы аясында қосымша 12 миллиард еуро инвестиция пакет ұсынылды. Алайда CAPS Unlock және Германияның сыртқы саясат кеңесінің (DGAP) қолдауымен жариялаған жазбамда атап өткендей, бұл стратегия тек ЕО бағытын түзетсе ғана сәтті болмақ. Қаржыландыру ынтымақтастыққа негізделген және мақсаты айқын болуға тиіс.

Жалпы, Еуроодақтың өңірге белсенді түрде инвестиция сала бастауының өзіндік себебі бар.

Біріншіден, Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс Еуропа одағына бір ғана транзит маршрутына сүйенудің тәуекелі зор екенін көрсетті. Осы жағдайда Еуропалық одақ балама бағыттарды іздеуге және тасымал жолдарын әртараптандыруға кірісті.

Екіншіден, Қытай сирек кездесетін металдардың экспортына белгілі бір шектеулер енгізді, сондай-ақ болашақта басқа да экспорт шектеулері пайда болуы мүмкін деген қауіп бар. Ал Орталық Азия уран, никель, алюминий, кобальт және басқа да стратегиялық ресурстарға бай өңір ретінде танылып отыр. Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркіменстан мен Өзбекстан ЕО-ға мол мұнай мен газ қорын, сондай-ақ мыс, литий және никель сияқты стратегиялық ресурстарды ұсына алады. Басты қиындық – ресурстарды сенім артуға болатын бағыттармен Еуропаға жеткізу. Осы контексте Еуропалық одақ Орталық Азияны Қытайдан тыс балама серіктес ретінде қарастырып, жаңа әріптестік форматтарын дамыта бастады.

Үшіншіден, аталған ресурстар «жасыл» энергетика, машина жасау және жоғары технологиялы өндіріс салалары үшін аса маңызды. Қазір бұл ресурстар айтарлықтай «саясаттанған» тауарлар санатына жатады. Осыған байланысты Еуропалық одақ жаңа серіктестер іздеп, қауіпсіз әрі тұрақты жеткізу маршруттарын қалыптастыруға мүдделі.

Осылайша, Еуроодақ мәселені шешу үшін өзін Қытаймен Орталық Азия және Каспий теңізі арқылы байланыстыратын, Түркия немесе Грузия мен Қара теңіз арқылы өтетін Орта дәлізге деген қызығушылықты қайта жандандырып отыр. Қазақстан қазірдің өзінде бұл бағытты уран мен мұнай экспорттау үшін қолданып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Орталық Азия Еуропалық одақ үшін стратегиялық әріптеске айналып отыр, ал Транскаспий халықаралық көлік дәлізі осы әріптестіктің инфрақұрылымдық негізі ретінде қарастырылуға тиіс.

Орта дәліздің табысты болуы үшін климаттың әсерін ескеру міндетке айналуы керек. ЕО-ның басты жобаларының бірі – Team Europe бастамасы аясындағы су, энергетика және климат бағыты бойынша бөлінген 6,5 миллиард еуро (жалпы 12 миллиард еуроның бір бөлігі) дұрыс бағыттағы қадам болып саналады. Бірақ жобаның қазіргі ауқымы тым кең және шашыраңқы, сондықтан өңірдің мәселелерін шешу қиынға соғады. Қолданған тәсіл нақтырақ болса, бастама жол, теміржол және су көлігін көміртексіздендіруді, әсіресе жүк көлемі артқан сайын ынталандыра алады. Теміржолдарды электрлендіру және оларды жаңартылатын энергия көздерімен біріктіру – бұл жолдағы маңызды мүмкіндіктердің бірі.

Логистиканы жақсартуға, көлік жолдарын жоспарлауды оңтайландыруға, энергия тұтынуды азайтуға және жасыл жобаларды цифрлық бағытта қолдауға ұмтылу керек. Ірі мегажобалардан гөрі практикалық шешімдерді таңдау қажет. Мысалы, Германияның Rhenus Group компаниясы Ақтау портында контейнер терминалын салуды жоспарлап отыр. Бұл – Каспий теңізіндегі нақты логистикалық тығырықты шешуге бағытталған инвестиция. Сонымен қатар Қазақстан, Грузия және Әзербайжанда шекара рәсімін жеңілдетіп, ЕО стандарттарына жақындатуға арналған бірыңғай электронды транзиттік жүйе пилоттық режимде енгізіліп жатыр. Осындай мақсаты анық бастамалар Орта дәліздің белсенділігін арттыра алады.

Азия даму банкі мен Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) сияқты Парсы шығанағы елдері қажетті қаржыға ие, инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру мен жүзеге асыруда тәжірибесі мол және бұл өңірде белсенді жұмыс істеп келеді. Осы серіктестермен тығыз жұмыс істеу арзан несиеге жол ашып, Азиядан қосымша инвестор тартуы мүмкін.

## PS.

***Қорыта айтқанда, Орта дәліздің жүк тасымалындағы маңызды балама бағытқа айналуға толық мүмкіндігі бар. Осы жолға Батыс пен Шығыстың қатар қызығушылық танытуы – соның бір дәлелі. Ал еліміз үшін маңызды тасымал жолының торабы болу – үлкен мүмкіндік. Сауда бар жерде өркениет те, өркендеу мен өсу де қатар жүретінін тарихтан біледі. Одан бөлек, Орта дәліз тек көлік стратегиясының элементі ғана емес, елдің геоэкономикалық позициясын нығайтудың маңызды құралы. Бұл ретте инфрақұрылымды дамыту жоғарыдағы мүмкіндікті барынша ел игілігіне пайдаланудың алғышарты болмақ.***

# ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК: тәуелділіктен тиімділікке қарай

**ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ – АЗАМАТТАРДЫҢ БАЗАЛЫҚ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН ТІКЕЛЕЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ЖҮЙЕ. БҰЛ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ КӨРІНІСІ. ОНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫНА ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР, ТЕГІН БІЛІМ МЕН МЕДИЦИНА, ЖҰМЫССЫЗДЫҚ ПЕН КЕДЕЙЛІКТЕН ҚОРҒАУ, ТҰРҒЫН ҮЙ ЖӘНЕ ТАБЫСТЫ ҚАЙТА БӨЛУ САЯСАТЫ КІРЕДІ. АЛАЙДА МЕМЛЕКЕТТІК КӨМЕК ЖҮЙЕСІЗ КӨБЕЙІП, НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ ЕМЕС, ДАҒДЫҒА АЙНАЛСА, ҚОҒАМ ДАМУЫНА КЕДЕРГІ БОЛА БАСТАЙДЫ.**

Арайлым ЖОЛДАСБЕККЫЗЫ

Конституциямыздың 1-бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» деп тайға таңба басқандай жазылған. Әлеуметтік мемлекет дегеніміз – бар байлығын халқының тұрмысын жақсартуға, білім алуына, денсаулық сақтау саласын жоғары деңгейде қолдауға арнайтын мемлекет.

Парламент бекіткен 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет – жаңа «Салық кодексі» аясында қалыптастырылған алғашқы үшжылдық құжат. Қаржы министрі Мәди Такиев атап өткендей, бұл бюджет нәтиже мен тиімділікке бағдарланған, алайда оның құрылымы ел экономикасындағы жүйелі қайшылықтарды да айқын көрсетіп отыр. Себебі кірістер мен шығыстар арасында тапшылық біршама. Биыл түсім – 23,1 трлн теңге, оның ішінде нақты кірістер – 19,2 трлн теңге, ал бюджет шығыстары – 27,8 трлн теңге болмақ. Осылайша, 2026 жылы бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 2,5 пайызын құрайды. Алайда министр 2028 жылға қарай 0,9 пайызға дейін қысқартуды жоспарлап отыр. Бұл – көңілге медеу болғанымен, жаңа «Салық кодексінің» толық әрі тиімді іске асуына тікелей тәуелді болары анық.

### БЮДЖЕТТІҢ 40 ПАЙЫЗЫ – ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА

Мәди Такиев бюджет әлеуметтік салаға бағдарланған күйінде қалып отырғанын жасырмады. 2026 жылы әлеуметтік салаға 10,7 трлн теңге жұмсалмақ, оның ішінде 6,8 трлн теңге – әлеуметтік төлемдер және 3,9 трлн теңге – адами капиталға инвестициялар. 10,7 трлн теңге – жалпы бюджеттің шамамен 40 пайызы. Салыстыра қарасақ, социализм идеологиясын мемлекеттік саясаттың темірқазығына айналдырған Кеңес Одағының өзі ең қуатты кезеңінде әлеуметтік салаға жалпы шығыстарының небәрі 30 пайызын ғана жұмсаған екен.



Ал бүгінде елімізде 2026 жылға арналған республикалық бюджетте әлеуметтік салаға бөлінетін қаражат көлемі 38-39 пайызға дейін жетіп отыр. Бұл – мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерді сақтауға барынша күш салып отырғанын көрсетеді. Алайда шығын көлемінің артуы әлеуметтік саясаттың тиімді екенін көрсетпейді. Керісінше, мұндай жоғары үлес экономиканың өзге салаларын дамытуға жұмсалуы тиіс ресурстардың қысқаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан мәселе әлеуметтік салаға қанша қаржы бөлінгенінде емес, сол қаржының нақты нәтижеге, еңбекке ынталандыруға және адами капиталды дамытуға қаншалықты қызмет етіп отырғанында.

Қазақстан әлеуметтік мемлекет ретіндегі бағытын сақтап отыр. Алайда әлеуметтік төлемдердің басым бөлігі тұтынуға кетеді және ұзақмерзімді экономикалық қайтарым бермейді. Ал адами капиталға (білім, денсаулық, ғылым) бөлінген қаражат тым мардымсыз. Бұл – дамушы елдерге тән теңсіздік. Мәселен, Қазақстан ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға ЖІӨ-нің шамамен 0,16 пайызын ғана жұмсайды. Көзге су тамызғандай ғана, ЖІӨ-нің 1 пайызына да маңайламайды.

Қаржы министрі Мәди Такиев атап өткен маңызды шешімдердің бірі – әлеуметтік төлемдерді тағайындаудың цифрлық тетіктерін дамыту және проактивті форматқа көшу. Яғни, азамат өтініш бермей-ақ, мемлекет деректер негізінде көмекті өзі ұсынады. Бұл бюрократияны азайтады, адами факторды төмендетеді, көмектің дәл әрі жылдам жетуін қамтамасыз етеді. Алайда бұл реформа 10-15 жыл бұрын басталуға тиіс еді. Қазір ол әлеуметтік «тәуелділікті» азайту үшін емес, бюджетке түсетін қысымды бақылау үшін қажет болып отыр.

Әлеуметтік саясаттың мақсаты – адамды асырау емес, оны дербестікке жетелеу. Бірақ әлеуметтік көмектің шегі мен логикасы дұрыс анықталмаса, ол еңбекке ынталандырудың орнына «тәуелділікті» күшейтеді. Сондай-ақ мұндай көмек еңбекпен, жауапкершілікпен және нақты мақсатпен ұштаспаса, мемлекеттің өзіне салмақ түсіреді. Қазақстандағы әлеуметтік төлемдер жүйесі дәл осындай кезеңді бастан кешіп отыр.

Әлеуметтік салаға бөлінетін бюджет мәселесін Мемлекет басшысы биыл да өз Жолдауында қатаң сынады. «Мемлекеттің көз алдындағыдан басқаны көрмей, бәріне көне беретін әлеуметтік саясаты жүзден астам түрлі жеңілдіктің пайда болуына әкеп соқтырды. Осы жеңілдіктерді әперемін деп «көмек қолын» созатын жылпостар да көбейді. ...Мемлекет өзінің негізгі міндеттерін орындаудан бас тартпайды. Бірақ әлеуметтік жеңілдіктерді қолдан көбейту – елді дамытуға, яғни мектеп, аурухана, көлік инфрақұрылымдарын және басқа да нысандар салуға жұмсалуы қажет қыруар қаражатты желге шашу деген сөз. Кезінде біздегі «әлеуметтік саланың жанашырлары» толық емес отбасы деген жеңілдікке мұқтаж адамдар санатын ойлап тапқан еді. Соның салдарынан, ажырасқан отбасылар саны күрт өсіп, біз бір кезде бұл көрсеткіш бойынша әлемде «көш бастаған» елдердің қатарына қосылдық. Мұндай мысалдар аз емес. Осылайша, біз өзіміз жалқаулық пен масылдыққа жол беріп отырмыз. Отбасы мүшелерінің барлығы дерлік нысаналы әлеуметтік көмек пен жәрдемақы алатын болса, жұмыс істеудің не қажеті бар? Турасын айтсақ, әлеуметтік салада оңтайлы шешім қабылдаудың орнына, Үкімет кемінде 15 жыл бойы әлеуметтік масылдық пен әлеуметтік алаяқтыққа жол беріп келді», – деді Қ.Тоқаев.

Президенттің әлеуметтік саясаттағы кемшіліктерге қатысты сынынан кейін Үкімет отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне бірқатар нақты тапсырма жүктеді. Үкімет басшысы әлеуметтік қолдау шараларының шамадан тыс көбейіп, олардың тиімділігі мен әділеттілігіне күмән туындап отырғанын атап өтті. Осыған байланысты ол барлық өңірде қолданылатын әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктерді біріздендіруді тапсырды.

Олжас Бектеновтің айтуынша, «әлеуметтік қолдау шаралары нақты мұқтаж азаматтарға ғана бағытталуға тиіс, ал күмәнді және негізсіз төлемдер тоқтатылуы қажет». Осы мақсатта Еңбек министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдар мен әкімдіктер бірлесіп, әлеуметтік көмектің бірыңғай стандартын әзірлеу міндеті жүктелді. Бұл жұмыс әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп қана қоймай, бюджет қаражатының тиімді жұмсалуына жол ашуға тиіс.

Алайда жыл соңында бекітілген бюджетте әлеуметтік салаға бөлінген қаражат мөлшері сол қалпында сақталып отыр. Әлеуметтік жеңілдіктер қысқарған жоқ. Әлеуметтік төлемдерге 6,8 трлн теңге қарастырылған. Жеңілдіктер саны азайғаны айтылмайды, керісінше, жүйе сол қалпы сақталған. Президент айтқан «жүзден астам жеңілдік» қайта қаралмастан қаржыландырып отыр.

Биылғы бюджет Президенттің әлеуметтік масылдық пен алаяқтықты тоқтату жөніндегі қатаң тапсырмаларына жауап беруге талпынғанымен, ол түбегейлі реформаларға емес, аздаған түзетулерге сүйеніп отыр. Әлеуметтік төлемдер көлемі сақталып, өңірлердің трансфертке тәуелділігі азаймаған жағдайда, «жүргенге жөргем ілінеді» қағидаты іске асады деу қиын. Бұл бюджет Президент қойған диагнозды мойындағанымен, оны емдеуге әлі батылы жетпегенін көрсетеді.

Сарапшылар «Қазақстан әлеуметтік мемлекет ретінде уәдеден бас тартпай отыр, бірақ бұл уәдені көтеретін экономикалық база әлі толық қалыптаспаған. Алдағы жылдарда әлеуметтік шығындарды қысқарту керек пе, әлде экономиканы өсіру керек пе? Екі жолдың бірін таңдамай, тапшылықтан шығу мүмкін емес» дейді.

### ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ 10 ПАЙЫЗҒА АРТТЫ

2018 жылдан бері әлеуметтік шығыстар шамамен төрт есеге артқан. Әсіресе, 2022 жылдан кейін әлеуметтік төлемдер көлемі күрт өсті. Алайда ел экономикасы мұндай жүктемені ұзақмерзімді негізде көтере алмайтынын көрсетіп отыр. Осыған қарамастан биыл зейнетақылар мен мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрі 10 пайызға артты. Бұл Мемлекет басшысының 2023-2027 жылдар аралығында базалық зейнетақыны кезең-кезеңімен арттыру туралы тапсырмасының жүйелі жүзеге асырылуы.

2026 жылы базалық зейнетақы мөлшерінің ең төменгісі – 35 596 теңге, ең жоғарғысы – 60 005 теңге. Ең төменгі базалық зейнетақы – ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ең жоғарысы – 120 пайызына дейін жеткізіледі. Мәселен, 2019 жылы зейнетке шыққан, жасы 70-тегі зейнеткердің зейнетақысы 2025 жылы – 171 588 теңге (базалық – 50 851 тг, ынтымақты – 120 737 тг) болса, биыл – 192 816 теңге (базалық – 60 005 тг, ынтымақты – 132 811 тг).

Мемлекеттік жәрдемақылар да 10 пайызға өседі. Мысалы, бала тууға берілетін біржолғы жәрдемақы: 1-3 балаға – 149 416 теңгеден 164 350 теңгеге дейін; 4 және одан көп балаға – 247 716 теңгеден 272 475 теңгеге дейін өсті. Көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы: 4 баласы бар отбасы – 63 030 теңгеден 69 330 теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасы – 157 280 теңгеден 173 000 теңгеге дейін жәрдемақы алады. Мүгедектігі бар адамдарға, асыраушысынан және еңбек қабілетінен айырылғандарға берілетін жәрдемақы да көбейді.

Арнаулы кәсіптік мемлекеттік жәрдемақы, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы; ай сайынғы бала 1,5 жасқа толғанша берілетін мемлекеттік жәрдемақы, ай сайынғы бала 1,5 жасқа толғанша, кірісінен айырылу жағдайы бойынша МӘСҚ-тан әлеуметтік төлемдер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы және I топ мүгедектігі бар адамға күтім жасайтын адамға мемлекеттік жәрдемақы мөлшері көтерілді.

> ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ МАҚСАТЫ – АДАМДЫ АСЫРАУ ЕМЕС, ОНЫ ДЕРБЕСТІККЕ ЖЕТЕЛЕУ. БІРАҚ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ШЕГІ МЕН ЛОГИКАСЫ ДҰРЫС АНЫҚТАЛМАСА, ОЛ ЕҢБЕККЕ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ОРНЫНА «ТӘУЕЛДІЛІКТІ» КҮШЕЙТЕДІ. СОНДАЙ-АҚ МҰНДАЙ КӨМЕК ЕҢБЕКПЕН, ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ЖӘНЕ НАҚТЫ МАҚСАТПЕН ҰШТАСПАСА, МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗІНЕ САЛМАҚ ТҮСІРЕДІ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ЖҮЙЕСІ ДӘЛ ОСЫНДАЙ КЕЗЕҢДІ БАСТАН КЕШІП ОТЫР.

### СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өкілдері «кейбір азаматтарымыз әлеуметтік көмекті заңсыз алуға әрекеттенгенін» жасырмайды. Мысалы, нақты жалақыны жасыру, жалған ажырасулар жасау. Бұл құбылыс басқа елдердің тәжірибесінде де кездеседі.

Әлемде әлеуметтік мемлекет қатарында дамыған, дамушы, кедей елдер де бар. Мұндай мемлекеттердің негізгі артықшылықтары әлеуметтік тұрақтылық пен теңсіздікті төмендету. Сонымен қатар табысты қайта бөлу арқылы бай мен кедей арасындағы айырмашылықты азайтуға тырысады. Бұл әлеуметтік қақтығыстардың, жаппай наразылықтардың алдын алады.

Скандинавия, Германия, Франция секілді дамыған елдерде кедейлік пен табыс теңсіздігі ең төмен деңгейде. Ал дамушы елдерде әлеуметтік төлемдер көбіне саяси тұрақтылықты уақытша ұстап тұрудың құралына айналған. Білім мен медицина саласы – ұзақмерзімді экономикалық өсудің негізі десек, дамыған елдерде жоғары білімді мамандар инновация мен өнімділікті арттырады. Ал дамушы елдерде аталған екі салаға қанша қаржы құйылғанмен инфрақұрылым әлсіз болса, тиімділік жоқ. Дамыған елдерде дағдарыс кездерінде де әлеуметтік шығыстар ішкі сұранысты «ұстап» тұрады. Бұған 2008 жылғы дағдарыс пен COVID кезеңдерінде экономикасы тезірек қалпына келген мемлекеттер мысал бола алады. Дамушы елдерде қаржы резервтері жоқ болғандықтан, бюджет жылдам күйреді. Негізі, әлеуметтік төлемдер азаматтарға болашағын жоспарлауға мүмкіндік беруі керек. Алайда орта тап қалыптаспаған елдерде жәрдемақыға тәуелділік белең алады. Сондықтан әлеуметтік мемлекет – дамыған экономикаға сүйенсе ғана тиімді болмақ. Алдымен өндіріс, экспорт және салық жинау жүйесі дамуы керек. Әйтпесе, әлеуметтік модель дамушы елдерді популизмге, тапшылыққа және қарызға батуға алып келеді.

Кедей мемлекеттерде ресурстар шектеулі болғандықтан, мақсатты әлеуметтік көмек тек ең осал топтарға арналады (мысалы, бала күтімі, мүгедектерге көмек). Белгілі бір бюджеттік шектеулер бар. Сондай-ақ олар халықаралық көмекке тәуелді, кейбір елдер әлеуметтік бағдарламаларын дамыту үшін сыртқы донорлардан көмек алады. Яғни, кедей мемлекеттер әлеуметтік мемлекет бола алады, бірақ ол көбінесе ресурстарға, халықаралық көмекке және нақты әлеуметтік саясатқа тәуелді болады. Дамыған елдердегідей «барлық азаматтарға толық әлеуметтік кепілдіктер» ұсыну қиын, бірақ мақсатты және тиімді бағдарламалар арқылы әлеуметтік қорғау қамтамасыз етіледі.

**PS.**

**Қандай мемлекет болмасын, қалтасының түбі жоқ қазына емес. Әлеуметтік міндет қанша жерден маңызды болғанымен, бюджет – сұраусыз таратылатын үлес емес, ел алдында есеп беретін ортақ қаржы. Әлеуметтік саясат ұранға, құр уәде мен көңіл жықпастыққа емес, экономиканың нақты қуатына табан тіреуге тиіс. Әйтпесе, бүгінгі жомарт шешім ертеңгі қаржылық тығырыққа, ал әлеуметтік жауапкершілік көтере алмайтын ауыр жүкке айналуы әбден мүмкін. Демек, әлеуметтік мемлекет болу – барды оңды-солды шашу емес, қолдағы қаржыны халық игілігіне ақылмен, әділдікпен әрі ұзақмерзімді мақсатпен жұмсай білу.**

БИЫЛ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ. АТАЛҒАН БАСТАМАНЫ ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҰСЫНҒАН БОЛАТЫН. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БҰЛ ҰСЫНЫСТЫ 2020 ЖЫЛЫ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 75-СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ САЯСИ ПІКІРТАЛАС БАРЫСЫНДА АЙТҚАН ЕДІ. «ЕРІКТІ БОЛУ – ЕРІКСІЗ КӨМЕКТЕСУ ЕМЕС, ЖҮРЕКПЕН СЕЗІНІП, НИЕТПЕН ӘРЕКЕТ ЕТУ» ДЕЙДІ БҮГІНГІ ГУМАНИЗМГЕ БЕТ БҰРҒАН ҚОҒАМ. ЕРІКТІЛІК (ВОЛОНТЕРЛІК) – ЗАМАНАУИ ӘЛЕМДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ. АЛАЙДА БҰЛ ҰҒЫМ БҮГІН ҒАНА ПАЙДА БОЛҒАН ЖОҚ. ЕРІКТІЛІК АДАМЗАТ ТАРИХЫНДА ЕЖЕЛДЕН БАР, ОЛ ӘРҚАШАН ҚОҒАМ ИГІЛІГІ ҮШІН ЖАСАЛАТЫН ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕРДІҢ ӨЗЕГІ БОЛЫП КЕЛГЕН. ЕНДЕШЕ, ЕРІКТІЛЕР ДЕГЕН КІМДЕР? ОЛАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ, МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ? ЕЛІМІЗДЕ ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ? ОСЫ САУАЛДАРҒА ЖАУАП ІЗДЕП КӨРЕЛІК.



# ЖҮРЕКПЕН СЕЗІН, НИЕТПЕН ІСТЕ

Наурызбек САРША



### ВОЛЕНТЕР БОЛУ – АСЫЛ ҚАСИЕТ

2026 жылдың басталуына санаулы минуттар қалғанда Мемлекет басшысы Қазақстан халқын Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Президент дәстүрлі құттықтауында 2025 жыл халқымыз үшін мерейлі жыл болғанын айта келе: «Қазақстанның ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Халықаралық еріктілер қозғалысы тілеулестік, мейірімділік сынды мызғымас адамгершілік құндылықтарын паш етеді. Бұл – біздің де халқымызға тән асыл қасиеттер» деп атап өтті. Жалпы, бұл қарарға Армения, Боливия, Германия және Кения қолдау білдіріп, құжатты қабылдауға ұйымға мүше 54 мемлекет қатысты. Онда еріктілердің қоғамдағы рөлі мен олардың тұрақты даму мақсаттарына жетудегі ықпалы кеңінен талқыланды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Осындай құрметті жиында Халықаралық еріктілер жылының басталуына орай сөз сөйлеу мен үшін үлкен мәртебе. Бұл маңызды қадам біздің ортақ мақсатымызды, яғни еріктілікті дамыту мен оның ұлттық және жаһандық прогреске қосқан үлесін нығайтуды көрсетеді. Қазақстан осы бастаманы ұсынды және осы айтулы жыл бойы, одан кейінгі кезеңде де әлеуметтік маңызы бар еріктілік қызметті қолдау мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттермен және азаматтық қоғаммен ынтымақтастықты жалғастырады. Біз ерікті болудың тұрақты даму мақсаттарына жетуге үлкен ықпал етіп отырғанына сенімдіміз. Волонтерлердің күші мен ықпалы әрбір өңірде, әрбір қоғамда ерекше көрініс табады. Еріктілердің көмегімен жоғын түгендеп, барын бүтіндеп, қолдау көріп отырған отбасы көп. Олар әлемнің түпкір-түпкіріндегі апат аймақтарына ас-су жеткізіп, атылған оқ пен жарылыстарға қарамай медициналық көмек көрсетеді, психологиялық қолдау танытады» деген болатын. Халықаралық жыл аясындағы іс-шаралар волонтерлік қозғалысқа ұлттық, аймақтық және жаһандық деңгейде қуатты серпін береді, еріктілер қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және оны одан әрі дамытудың негізгі векторларын айқындауға үлес қосатын болады.

### ӘЛЕМДЕ ЕРІКТІЛІК ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСТЫ?

Сонымен, еріктілер қозғалысының тарихына, оның даму кезеңдеріне, қазіргі жаһандық рөліне тоқталайық. Ерікті (волонтер) – латынның voluntaries деген сөзінен шыққан. Яғни, өз еркімен ақысыз қызмет көрсетіп, қоғамдық жұмысқа белсенді араласушы адам. Бұл бағытта адамның жасы, жынысы, білімі немесе қаржылық жағдайы маңызды емес. Бастысы – таза ниетпен қолдан келетін іспен көмектесу. Еріктілікпен ұйымдар арқылы, ынталы топтармен немесе жеке де айналысуға болады. Мұндай қызмет түрлерінің аясы өте кең. Мысалы, әлеуметтік, спорттық, экологиялық, медициналық, қайырымдылық секілді көптеген түрі бар.

Еріктілік туралы алғаш рет антикалық дәуірде айтылған. Ежелгі Грекияда азаматтар өз еркімен қала өміріне көмектесіп, қоғамдық шараларға атсалысатын. Олар полистегі тәртіпті сақтауға, діни мерекелерді ұйымдастыруға, әлсіздерге көмек көрсетуге үлес қосатын. Бұл – азаматтық борыш әрі мәртебе болатын. Орта ғасырларда еріктілік көбіне дінмен байланысты болды. Монастырьлер мен шіркеулер кедейлерге көмек беретін орталыққа айналып, монахтар мен дін қызметкерлері науқастарға, жетім-жесірлерге қамқорлық көрсетіп отырды. Қайырымдылық негізіндегі бұл әрекеттер бүгінгі еріктілікке жол ашты. Волонтер сөзі әлемде алғаш рет 1600 жылы қолданылған. Әуелгіде соғыс кезінде майданға өз еркімен сұранып барғандарды ерікті деп атаған. Кейіннен барлық салаға ешкімнен қайтарым күтпей жұмыс істейтін адамды осылай атау қалыптасқан.

XVII-XVIII ғасырларда Еуропада алғаш қайырымдылық қоғамдары құрыла бастады. Ал 1859 жылы швейцариялық Анри Дюнан Солферинодағы шайқасты көріп, ауыр жаралы сарбаздарға көмектесу үшін алғашқы гуманитарлық ұйым – Қызыл Крест қоғамын құрды. Бұл – қазіргі еріктілер қозғалысының институционалды негізін қалаған маңызды кезең еді. XX ғасырда еріктілік жаңа сипатқа ие болды. Бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыстарда еріктілер тек эскерге жазылып қоймай, тылда, ауруханалар мен босқындар лагерьлерінде де белсенді қызмет етті. Қызыл Крест пен Қызыл Жарты Ай сияқты ұйымдарда қызмет еткен мыңдаған ерікті жауынгерлер бейбіт халықты күтқаруға атсалысты. Мыңдаған азамат майдан мен тылда өз еркімен көмек көрсетіп, госпитальдарда жұмыс істеп, гуманитарлық жүктер тасыды. Бұл кезеңде волонтерлер соғыс зардабын жеңілдетуге белсене араласты. Бұл кезеңде еріктілік – патриоттық борыш, ұлттық бірлік символына айналды.

1945 жылдан кейін БҰҰ, ЮНИСЕФ секілді ұйымдардың құрылуы еріктілік қызметін жаһандық деңгейге көтерді. Азаматтар соғыссыз қоғам құруға, кедейлікпен, аштықпен, эпидемиялармен күреске жұмыла бастады. Сонымен қатар экология, білім, денсаулық сақтау, мәдени мұраны қорғау секілді салаларда да еріктілердің рөлі артты. 1960-70 жылдары Батыстағы жастар еріктілік арқылы қоғамдық пікірге ықпал ете бастады. Мысалы, АҚШ-та Peace Corps (Бейбітшілік корпусы) 1961 жылы құрылып, жастардың әлем елдеріне барып, білім, денсаулық, ауыл шаруашылығы салаларында көмек көрсетуіне жол ашты. Бұл – еріктіліктің халықаралық форматқа шығуының бастамасы еді.

1970 жылы БҰҰ жанынан «Біріккен Ұлттар Ұйымының волонтерлері» деген атаумен халықаралық ұйым құрылған. Ұйымның басты мақсаты – әлемдегі еріктілердің басын қосып, олардың қызметін жан-жақты дамыту. Сол жылдан бастап әлемнің барлық елінде 5 желтоқсанда халықаралық еріктілер күні аталып өтіледі. Осы ұйымның ұйытқы болуымен, жер бетіндегі еріктілер бір ниет, бір тілекпен бірігіп, бірге жұмыс істей бастады. Сөйтіп, еріктілер әлемдік деңгейдегі үлкен күшке, тіпті ғаламдық қозғалысқа айналды.

Бүкіл әлемде осы волонтерлердің күшімен көптеген іс жүзеге асып жатыр. БҰҰ-ның дерегіне сәйкес, әлемде 1 миллиардтан астам адам еріктілікпен айналысады. Тіпті, ғалам тұрғындарының сегізден бірі ерікті ретінде қоғамдық жұмыстарға атсалысады деген ақпарат бар. Осыдан-ақ волонтерліктің бүкіл дүниежүзіне кең таралғанын білуге болады.

### ЕЛІМІЗДЕ ЕРІКТІЛЕР ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Қазақ халқы үшін «ерікті» сөзі ешқандай да бөтен ұғым емес. Қайырымдылық жасау, біреуге қолғабыс ету қазақ халқының ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан, қанына сіңген жақсы қасиетінің бірі. Қазақ қашанда жетімін жылатпаған, ағайыны бір жұмыс бастаса жұмыла көмектескен халық. Соның бір мысалы – «асар» ұғымы. Ауылдас, ағайындардың ерікті түрде бірігіп, үй көтеру, шөп шабу секілді жұмыстарды атқаруын қазақта «асарлату» дейді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде волонтерлік қызметті дамытуға ерекше мән беріп, оны Әділетті Қазақстанды құрудың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі деп санайтынын айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, еріктілер – өз елінің шынайы патриоттары – адамгершілік құндылықтарды бәрінен жоғары қойып, мемлекет пен қоғам арасында сенімді серіктестікті нығайтуда ерекше рөл атқарады.

2002 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы бас ассамблеясы «Халықаралық волонтерлер жылын» жариялаған болатын. Еліміз сол жылдың өзінде Біріккен Ұлттар Ұйымының аталған бастамасына қолдау білдіріп, демеушілік жасаған. Ал 2010 жылы Қазақстанда ұлттық волонтерлер желісі құрылған. Ал 2016 жылы елімізде волонтерлік қызмет туралы арнайы заң да қабылданған. Мемлекет басшысының бастамасымен 2020 жыл Еріктілер жылы болып жарияланып, 2021-2023 жылдарға арналған волонтерлік қызметті дамытудың Жол картасы қабылданды. Сол шақта қолға алынған шаралардың нәтижесінде еліміздегі еріктілер саны 200 мың адамға жетті. Қазақстандық жастар әлемнің әртүрлі елдерінде БҰҰ еріктілері ретінде қызмет істейді. 2023 жылғы 20-21 шілдеде Астанада Мемлекет басшысының, БҰҰ-ның жоғары лауазымды өкілдерінің және әлемнің 30-дан астам елінен келген волонтерлердің қатысуымен Халықаралық волонтерлер форумының ұйымдастырылуы еліміздің жаһандық еріктілер қозғалысындағы маңызды рөлін тағы да растады.

Былтыр елімізде алғашқы жартыжылдықта волонтерлердің қатысуымен 27 мыңнан аса іс-шара ұйымдастырылды. «Игі істер марафоны» жобасы да қоғам тарапынан кең қолдау тапты. Отандастарымыз әлеуметтік, экологиялық және мәдени бағыттарды қамтыған 9 мыңнан аса игі іс атқарып, жобаға 40 мың азамат қатысты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының бастамасымен ТМД Үкімет басшылары кеңесінің шешімі бойынша жыл сайын Достастық елдері волонтерлерінің форумы ұйымдастырылатын болды. Оған сай ереже әзірленіп, оның негізінде жыл сайынғы Волонтерлер форумы құрылды. Алғашқы форум биыл Астана қаласында өтеді.

Бұған қоса республиканың түрлі аймақтарында 10 мақсатты топтың кездесуі өтті. Толық қаржыландыру бағдарламасы аясында 2025 жылы Кения, Түркия және Таиланд елдеріне еріктілер барып, күні бүтінде өз жұмысын абыроймен атқарып жатыр. Волонтерлер қарттар және балалар үйлерінде көмек көрсетіп, құтқару жұмыстарынан бастап оқыту жобаларына дейін түрлі салада белсенділік танытып жүр. Есесіне, 2025 жылы елдегі волонтерлер саны 300 мыңға жуықтады. Олардың қатарында 6 мың «күміс» волонтер және 810-нан аса волонтерлік ұйым бар.

2017 жылы елімізде өткен Универсиадаға 3 000 ерікті қатысты, оның 100-і шетелдік еріктілер еді. Сол жылы Астанада EXPO-ның өтуіне 4 000-нан астам ерікті атсалысты. Олар сегіз сағат үш ауысыммен жұмыс істеп, 4 миллион қонаққа тік тұрып қызмет етті. Сұрақтарына жауап беріп, жол көрсетті. Мұндай сауапты іске шын беріліп, бар уақытын соған арнағандар да бар.

Еріктілер халықтың басына қиыншылық түскен кездерде де қарап қалған жоқ. Мәселен, 2015 жылы Алматының Қарғалы, Таусамалы шағын аудандарында сел жүріп, көшелер мен аулаларды лай су басып қалғанда 200-ден астам ерікті зардап шеккендерге ас-су тасып, үйлер мен көшелерді батпақтан аршып, барынша көмектесті. Арыс қаласындағы әскери қоймадағы жарылыс кезінде де еріктілер өздерін тағы бір көрсетті. Эвакуация бекеттерін керек-жарақпен қамтамасыз етіп, әлеуметтік желілерде материалдық көмек жинады. Сондай-ақ жарылыс кезінде бір-бірінен адасып қалған отбасы мүшелері туралы арнайы база жасап, ақпарат беріп отырды. «Ұлттық еріктілер желісі» бойынша Арыс қаласының тұрғындарына Қазақстан бойынша 35 мың ерікті көмек қолын созыпты. 2020 жыл – Қазақстанда Еріктілер жылы деп жарияланғаны бұл бағытқа тың серпін берді. Сол жылы мыңдаған жас түрлі әлеуметтік, экологиялық, мәдени жобаларға тартылып, еріктілік нақты әлеуметтік күшке айналды. COVID-19 пандемиясы кезінде волонтерлер дәрі-дәрмек жеткізіп, медициналық қолдау көрсетіп, ақпараттық жұмыс жүргізіп, қоғамда шешуші рөл атқарды.

Жалпы, ел аумағында волонтерлік бастамалар қатары көбейді. Жақсылық жасауға ұмтылған, қоғамға пайдасын тигізуді мақсат еткен белсенді азаматтар да жыл санап артып келеді. Ел көлемінде Ұлттық фронт-кеңсе мен 20 өңірлік фронт-кеңсе жұмыс істейді, бірыңғай Call-орталық қызмет көрсетеді және Qazvolunteer.kz ұлттық онлайн-платформасы іске қосылған. Осындай жүйелі жұмыстың арқасында былтыр 56 волонтерлік жоба іске асырылып, жергілікті бастамаларды дамыту үшін 60 шағын грант бөлінді. Осы жылы да Қазақстан волонтерлік қозғалыстың негізін нығайтуды жалғастыра береді.

### ЕРІКТІЛЕРГЕ ҚОЛДАУ – ЕЛГЕ ҚОЛДАУ

Әлемде еріктілікті қолдайтын ірі ұйымдар бар. Солардың бірі жоғарыда айтқан БҰҰ Еріктілер бағдарламасы (UNV) – 1970 жылы құрылған. Қазір бұл ұйымның құрамында жыл сайын 8 мыңнан астам халықаралық ерікті түрлі елде қызмет етеді. UNESCO, UNICEF, Doctors Without Borders, Greenpeace сынды ұйымдар еріктілер көмегін кеңінен пайдаланады. Дамыған елдерде жолға қойылған, жүйелі түрде жұмыс істейтін қозғалыс бар екенін білдік. Олардың қызметі Еріктілер туралы заңда анық көрсетілген. Мысалы, әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарға, өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға, қарттарға, мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету, жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды ортаға бейімдеу, тәрбиелеу жөніндегі жұмысқа жәрдемдесу, зілзала, экологиялық, техногендік және басқа да апаттар, әлеуметтік шиеленістер, жазатайым оқиғалар салдарынан зардап шеккен адамдарға, құқық бұзушылық құрбандарына, босқындарға және шарасыздан қоныс аударушыларға, сондай-ақ хабарсыз кеткен адамдарды, Екінші дүниежүзілік соғыс пен басқа да соғыстарға қатысушылардың жерленген жерін іздеуге қатысу, қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, аумақтарды абаттандыруға қатысу, білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, дене шынықтыруды, спорт пен белсенді демалысты дамыту мен өңірлік, өңіраралық, республикалық және халықаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу – еріктілердің негізгі жұмыстары.

Жалпы, еріктілер десек, бірден жастар, оның ішінде жоғары оқу орындарының студенттері ойға оралады. Ал шетелдік тәжірибеде еріктілер жас ерекшелігіне қарай бөлінбейді. Қоғамға өзгеріс енгізуді қалаған кез келген адам бос уақытын еріктілікке арнауына болады. Деректерге сүйенсек, АҚШ-та 2022-2023 жылдар аралығында 28,3 пайыз немесе 75,7 млн адам формалды түрде еріктілікпен айналысты. Аустралия, Канада, Ұлыбритания, Норвегия сияқты дамыған елдерде еріктілер саны миллиондаған адамнан асқан. Мысалы, АҚШ-та 24 жасқа дейінгі еріктілер 22,6 пайызды, 25-44 жастағылар 26,7 пайызды құраса, 45-65 жас аралығы мен 65 жастан жоғары еріктілер саны 51 пайызға дейін жеткен. Бұл елде мектеп жасынан бастап балаларға «жақсылық жасау» идеясы түсіндіріледі. Жалпы, еріктілікпен айналысу – АҚШ азаматының басты қасиеттерінің бірі саналады. Дамыған елдерде еріктілік мемлекеттік саясаттың бір бөлігіне айналды. Айталық, АҚШ-та колледжге түсу үшін волонтерлік тәжірибе артықшылық саналады. Еуропа елдерінде арнайы еріктілік бағдарламалары мен гранттар қарастырылған. Сонымен қатар шетелде жұмысқа орналасуға келген жас маманның түйіндемесінде еріктілік қызметтің болуы – үлкен жетістік. Сондықтан да университет немесе колледж студенттері ерікті болуға қуана келіседі. Ұлыбританияда балалар үйіне егде жастағы еріктілер қамқорлық танытады. Олар жаңа өмірге аяқ басқан бүлдіршіндерге өз ақыл-кеңесін беріп, өмірлік тәжірибесімен бөліседі. Кез келген мәселеде бағыт-бағдар беріп отыратын болғандықтан олар бір-біріне бауыр басып, туған ата-әжесіндей болып кетеді. Біздің елімізде де осыған ұқсас қайырымдылық шаралары қолға алынып келеді. Ұйымдастырушылар қарттар үйінің тұрғындары мен балалар үйінің тәрбиеленушілерінің басын қосып, іс-шаралар өткізіп тұрады. Жан жылуын аңсаған үлкендер балаларға бағыт-бағдар берсе, тәрбиеленушілер егде жастағыларға қуаныш сыйлайды.

Көптеген дамыған ел еріктілерді қолдауды заң жүзінде бекітеді. Батыс Еуропа елдерінің көпшілігінде мемлекеттік гранттар немесе субсидиялар еріктілер ұйымдарын қаржыландыруға бағытталған. Еріктілер ұйымдарының ресми статусы оларды әлеуметтік қолдаудың толыққанды субъектілеріне айналдырады.

Еріктілік тек адамға көмектесу ғана емес, әлеуметтік тұрақтылық пен экономикалық әсері бар жүйе ретінде қарастырылады. OECD зерттеулеріне сәйкес, волонтерлікпен айналысатындардың жұмысы кей елдерде ЖІӨ-ге 1,9 пайызға дейін үлес қосады, бұл айтарлықтай көрсеткіш. Ал әлем бойынша, жалпы ішкі өнімнің 2,5 пайызы волонтерлер еңбегінің жемісі көрінеді. Демек, еріктілердің еңбегін елдің экономикасының негізгі көмекшілерінің бірі деп қарастырған жөн.

**Түйін:**

**Иә, бүтінде еріктілерсіз жұмыс бітпейді. Кез келген қоғамдық жұмыстарға еріктілердің қосыла кететінін білеміз. Апаттар мен тосын оқиғаларға да бірінші болып көмекке жүгіретін солар. Жақсылық жасау, жылағанда тіреу болу – кез келген адамның қолынан келетін іс.**

# ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

**Елордада волонтерлік қозғалыс жыл санап қарқынды дамып келеді. Бұл туралы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының волонтерлік қозғалысты дамыту бөлімінің маманы Айзат Али мәлім етті. Оның айтуынша, бүтінде Астанада 50-ге жуық волонтерлік ұйым тұрақты жұмыс істейді.**

– Жыл сайын волонтерлік қызмет туралы ақпараттың артуына байланысты ерікті болуға ниетті азаматтардың саны да көбейіп келеді. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер арасында волонтерлікке қызығушылық жоғары. Олардың бірі өзгелерге көмектесуді мақсат етсе, енді бірі шетелдік жоғары оқу орындарына түсу үшін портфолиосын жақсартуды көздейді, – деді ол.

Айзат Алидің сөзінше, волонтерлік ұйымдардың жұмысын үйлестіру мақсатында 2019 жылы Қалалық волонтерлер штабы құрылған.

– Қалалық волонтерлер штабы алты жылдан бері «Астана жастары» орталығының базасында жұмыс істеп келеді. Бүтінде штаб 30 волонтерлік ұйыммен, 20 бастамашыл топпен және 4 үкіметтік емес ұйыммен ынтымақтастық орнатқан. Қазір штаб құрамында 8 мыңнан астам белсенді волонтер бар, – деп атап өтті маман.

Волонтерлік ұйымдармен бірлескен жұмыстар аясында түрлі әлеуметтік және экологиялық бағыттағы жобалар жүзеге асырылып келеді.

– «Қауіпсіз қала», «Қамқорлық мекенжайлары», «Ардагерлерді ардақтайық», Taza Alem, Taza Qazaqstan, Stop Vandal, «Марафон добрых дел», «Есірткісіз елорда» акциялары аясында барлығы 1 310 іс-шара өткізілді. Бұл шаралар барысында азық-түлік себеттері таратылып, киім-кешек пен жиһаз жеткізілді, адамдарды іздеу және оқыту бағытында көмек көрсетілді, – деді Айзат Али. Оның айтуынша, волонтерлер атқарған еңбегі үшін ақы алмайды, алайда оларды ынталандыру маңызды.

– Қазір волонтерлерге мәдени іс-шаралар мен концерттерге билеттер беру арқылы қолдау көрсетіп келеміз. Волонтерлік қызметті еңбек өтілі ретінде есептеу мәселесі бірнеше рет көтерілгенімен, әлі заң жүзінде бекітілген жоқ, – деді ол.

2025 жылы елордалық волонтерлер республикалық және халықаралық деңгейдегі ірі іс-шараларға белсенді атсалысқан. «Астана жастары» волонтерлері 130-дан астам ірі іс-шараға қатысты. Соның ішінде Дженнифер Лопес пен Backstreet Boys концерттері бар. Бұл шараларға қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген 140 волонтер тартылды, сондай-ақ қытай, түрік, корей, итальян және неміс тілдерін білетін еріктілер де болды, – деді маман.

Экологиялық бағытта да ауқымды жұмыстар атқарылған. Taza Alem жобасы аясында 55 экосенбілік өткізілді. Оның ішінде Есіл өзенінің жағалауын тазарту бойынша 25 іс-шара ұйымдастырылды. 20 үкіметтік емес ұйымның қатысуымен 10 мыңнан астам волонтер мен 4 мың қала тұрғыны тартылды, – деді Айзат Али.

Сондай-ақ еріктілер 800 ағаш отырғызуға атсалысып, оның екі шарасы Мемлекет басшысының қатысуымен өткенін атап өтті.



«Қамқорлық мекенжайлары» жобасы аясында 70 жалғызбасты зейнеткерге көмек көрсетіліп, қар тазалау бойынша 40 акция ұйымдастырылды. Бұл жұмыстарға 3 мыңнан астам волонтер мен кәсіпорын қызметкерлері тартылды, – деп қорытындылады ол.



# Магиясы тарқамайтын

## Хуан Рульфо

ХУАН РУЛЬФОНЫ ЖОЛЫҚТЫРУ – ФРАНЦ КАФКАНЫ АЛҒАШ ЖОЛЫҚТЫРҒАНЫМ СИЯҚТЫ МЕНІҢ ЕСТЕЛІКТЕРІМНІҢ ІШІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ТАРАУДЫҢ БІРІ. МЕН ЭРНЕСТ ХЕМИНГУЭЙ АТЫЛЫП ӨЛЕТІН КҮНІ – ДӘЛ 1961 ЖЫЛЫ 2 ШІЛДЕДЕ МЕКСИКАҒА КЕЛДІМ. ХУАН РУЛЬФОНЫҢ КІТАБЫН ОҚЫМАҚ ТҮГІЛІ, АТЫН ДА ЕСТІМЕГЕН КЕЗІМ.

**Гарсия МАРКЕС,**
*жазушы,*
*Нобель сыйлығының иегері*

Мен сол тұстағы әдебиет бағытын өте жақсы түсінетінмін. Әсіресе, Америка жазушыларының романдарын бәрін дерліктей білетінмін. Мексикада алғаш кездескен адамым Мануэль Барбачано Понсе еді, сондай-ақ Кордова көшесіндегі Декура қорғанында менімен бірге қызмет істейтін жазушы әрі «Жаңалықтар» әдеби журналының басшысы, редактор Фернандо Бенитес болатын. Олар, әрине, Хуан Рульфоны жақсы танитын. Арада алты ай өтсе де, маған ешкім Хуан Рульфо туралы айтпады. Мұның себебі: Хуан Рульфо ана бір классик жазушыларға ұқсамайтын, оның шығармалары кең таралғанымен, есімін көп адам айта бермейтін.

Ол кезде Мерседес және екі жасқа толмаған Родриго барлығымыз Анзурес колониясына қарайтын Ренан көшесіндегі лифті жоқ жатақханада тұратынбыз. Үлкен бөлменің еденінде қос адамдық төсек бар, бір бөлмеде бесік, қонақ бөлмесіндегі тамақ үстелі мен кітап сөресі болатын. Осы қалада тұрамыз деп шешім қабылдап қойғанбыз, бұл шаһар өте үлкен болғанымен, ауасы да тұнық, тап-таза, көшесінде көз жауын алатын гүлдері жайқалып тұратын. Бірақ көші-қон мекемесі біздің бұл қуанышымызға «ықылас» танытпады. Біраз уақытқа дейін біз үкімет іс басқармасының ауласында кезекке тұрдық, кейбір кездері жаңбырға малшынамыз, сонда да кезектің алды жылжымайды. Бос уақытымда Колумбия әдебиеті хақындағы естеліктерді жаза бастадым, оны Маркос Аубер басқарған университет радиосы жариялады. Ол естеліктер өте атүсті жазылғандықтан, Колумбияның бас елшісі радиоға телефон соғып, ресми қарсылық көрсетті. Ол менің сөз-сөйлемдерім Колумбия әдебиетін таныстыру емес, қайта Колумбия әдебиетін сынайтын дүниелер деп тапты. Маркос Аубер мені кеңсесіне шақырды. Алты айдан бері жан бағып жүрген әдісім құрдымға кеткен шығар дегенмін. Бірақ істің соңы басқаша шықты.

– Ана бағдарламаны тыңдауға менің түк мұрсам болған жоқ, – деді Маркос маған. – Десе де, сендердің бас елші айтқандай дүние болса, онда өте жақсы болғаны.


Ол шақта мен отыз екі жаста едім, Колумбияда аз уақыт тілші болдым, Парижде өте пайдалы, бірақ тым бейнетті үш жылымды сарп еттім, Нью-Йоркте сегіз ай тұрдым, Мексикада кино сценарийін жазсам деп ойлағанмын. Ол тұста Мексика жазушыларының ортасы Колумбиядағыдай еді, жаңа ортада өзімді өте еркін сезіндім. Алты жылдың алдында тұңғыш романым «Құраған жапырақтар» жарық көрген, әлі баспа бетін көрмеген үш кітабым бар; мөлшері сол уақытта «Полковникке ешкім хат жазбапты» Колумбияда басылды, көп өтпей Винсенте Рожо өз баспасынан «Сүреңсіз уақыттарды» және «Ұлы шешені жерлеу» атты әңгімелер жинағын шығаруды ұсынды. Ол кезде соңғы кітап толымсыз қолжазба ғана болатын, өйткені Мексикаға келерден бұрын, Альваро Мутис қолжазбаны біздің құрметті Элена Пониатовскаға беріпті де, ол оны жоғалтып алыпты. Кейін барлық әңгімені қайтадан құрастырып шықтым, Альваро Мутис Серхио Гариндоға ұсыныс етіп, Уэракруз университеті баспасынан шығарды.

Сонымен, бес кітап жазған, аты шыға қоймаған жазу-шы едім. Мен ешқашан шығарманы атақ шығару үшін жазған емеспін, достарым мені жақсы көрсін деп қалам тербедім, бұл мақсатымды әлдеқашан орындадым-ау деймін. Жазушы ретінде менің ең үлкен кілтипаным, жоғарыда аталған шығармаларды жазған соң бір түйық жолға тірелгендей күй кештім. Барлық жерден осы тығырықтан шығатын саңылау іздедім. Маған жол көрсете алатын, жақсылы-жаманды жазушылардың атына өте қанық едім, десе де, өзімді бір орында айналып тұрып қалғандай сезіндім. Талантым таусылып қалған жоқ, керісінше, әлі жазбаған көп шығармам бар, әйткенмен, оқырманды иландыра алатын қуатқа ие, әрі поэзиялық түске бай жазу тәсілін таба алмай дағдардым. Өстіп жүргенде, Альваро Мутис бір құшақ кітап көтеріп, жетінші қабаттағы біздің үйге келе қалды, кітаптардың арасынан ең шағын, ең жұқа біреуін суырып алып, маған күле тіл қатты:

– Мына пәлені оқып көр, әкеңді, үйрен осыдан! Бұл – «Педро Парамо» еді.

Сол күні кеште кітапты екі қайтара оқып барып ұйықтадым. Осы мөлшермен он жыл бұрынғы сол бір ғажайып кеште, Боготадағы бір бөлмелі жұпыны оқушылар жатақханасында Кафканың «Құбылуын» оқығаннан кейін, дәл осындай әсерленіп көрген емеспін. Екінші күні, «Алаулаған алқапты» оқыдым, ол тағы таңғалдырды. Сол жылдың қалған уақытында менің басқа жазушылардың шығармаларын оқуға құлқым болмады, өйткені олардың көбі мен ойлағандай өлшемге толмайтын.

Біреулер Карлос Вероға «Педро Парамоны» тұтасымен жаттап алғанымды айтқан кезде, есеңгіреген хәлден әлі айыға алмай жүрген едім. Шындығына келсек, бұл ғана емес: романды тұтас жаттап алумен қатар, аяғынан басына қарай еш қателіксіз айта аламын. Әрі әрбір оқиғаның оқыған кітабымның қай бетінде екенін айтып бере аламын, ондағы әр кейіпкердің бар болмыс, мінезі маған өте қанық еді.



Карлос Веро Хуан Рульфоның тағы бір әңгімесінің желісімен киносценарий жазуды тапсырды, ол сол тұста мен оқымаған бірден-бір әңгіме «Алтын Әтеш» болатын. Әңгіме он алты бет екен, қағазы жұқа, жыртылып, тозып, жұқанасы ғана қалыпты, үш түрлі ұқсамаған мәшіңкемен басылған. Бұны кімнің жазғанын ешкім айтпаса да, дереу сезе қойдым. Бұл әңгіменің тілі Хуан Рульфоның басқа шығармалары сияқты кемел емес, оның өзіне хас жазу тәсілі де кемшін, десе де, оның жеке басына тән тартымдылығы жазулар арасынан менмұндалап тұр. Кейін, Карлос Веро мен Карлос Фуэнтес маған өтініш айтып, «Педро Парамо» негізімен жазылған тұңғыш киносценарийге редактор болдым.

Бұл екі жұмыстың соңғы нәтижесі жақсы болды деп айту қиын, оны тілге тиек етуімдегі себеп осы арқылы автордың өзінен де артық білетін шығармаға тереңдей еніп, толықтай меңгеріп алдым. Ал әйгілі романның авторымен содан кейін екі жылдан соң таныстым. Карлос Веро адам сенгісіз бір шаруа жасады: Ол «Педро Парамодағы» уақыт бөліктерін кесіп-пішіп, ілгерінді-кейінді реті бойынша қатаң орналастырып, сахналық қойылым құрастырды. Бұл әдісті үйлесімді деп білемін, бірақ нәтижесінде бір сыдырғы әрі шым-шытырық дүние болып шықты. Бұл Хуан Рульфоның елден ерек ой-танымын білуіме көп көмектесті, әрі оның ғажайып ақыл-парасатын әйгіледі.

> БҰЛ ЕКІ ЖҰМЫСТЫҢ СОҢҒЫ НӘТИЖЕСІ ЖАҚСЫ БОЛДЫ ДЕП АЙТУ ҚИЫН, ОНЫ ТІЛГЕ ТИЕК ЕТУІМДЕГІ СЕБЕП ОСЫ АРҚЫЛЫ АВТОРДЫҢ ӨЗІНЕН ДЕ АРТЫҚ БІЛЕТІН ШЫҒАРМАНЫ ТЕРЕҢДЕЙ ТҮСІНДІМ. АЛ ӘЙГІЛІ РОМАННЫҢ АВТОРЫМЕН СОДАН КЕЙІН ЕКІ ЖЫЛДАН СОҢ ТАНЫСТЫМ. КАРЛОС ВЕРО АДАМ СЕНГІСІЗ БІР ШАРУА ЖАСАДЫ: ОЛ «ПЕДРО ПАРАМОДАҒЫ» УАҚЫТ БӨЛІКТЕРІН КЕСІП-ПІШІП, ІЛГЕРІНДІ-КЕЙІНДІ РЕТІ БОЙЫНША ҚАТАҢ ОРНАЛАСТЫРЫП, САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМ ҚҰРАСТЫРДЫ.

«Педро Парамоны» өзгертіп жазуда екі түрлі түбірлі мәселе бар.

Бірінші мәселе – адам аттары. Әрқандай адам есімінің осы есіммен аталған адаммен белгілі ұқсастығы бар. Хуан Рульфоның айтуынша немесе біреулердің оған айтқызғанына қарағанда, ол Харрис мазаратындағы құлпытас жазуларын оқи жүріп, романындағы кейіпкерлердің есімін ойлап тапқан екен. Мынаны кесіп айтуға болады, оның кітабындағы адам аттарынан артық кәсіптік атау жоқ. Сол кезде (қазір де солай деп қараймын) автор қаламымен безендірілген кейіпкердің атына еш мүлтіксіз сай келетін актерді табу мүмкін емес деп ой түйгенмін.

Ендігі бір мәселе – оны алдыңғы мәселеден бөліп қарауға болмайды, ол – кейіпкерлердің жасы. Хуан Рульфо өте сақтықпен кейіпкерлердің жасына көңіл бөлмеген. Бұл –барлық шығармаларына тән. Біраз уақыт бұрын Коста Росс бір қызық сынақ жасады, ол «Педро Парамодағы» кейіпкерлердің жасын тұрақтандырмақшы болған. Мінe, нағыз поэзиялық түйсік. Мен Педро Парамо Сусана Сент Хуанды жарты ай ауылындағы тақыр далаға алып келгенде, ол алпыс екіге келген әйел деп шамалайтынмын. Педро Парамо одан мөлшермен бес жас үлкен болуға тиіс. Әсілі, сахналық қойылым қуаныш құшпаған қарт көңілдегі махаббаттың құзардан құлаған сәтінен бастап жазылғанда, бұл спектакль теңдессіз ұлы, тым қорқынышты, бірақ сұлу болар еді. Коста Росс белгілеген екі адамның жасы менің қиялымдағы олардың жасына сәйкес келмейді, алайда айырмашылық тым алшақ емес. Қалай дегенмен, бұндай поэзиялық ойды және ұлылықты кинода қиялдау қиын. Қараңғы кинозалда қарттардың сүйіспеншілік сезімі ешкімді де әсерлендірмейді.

Мұндай бағалы зерттеулердің бір жаман жағы бар, өлеңдегі сезім үнемі ақылдан бастау алмайды. Мәлім оқиғалар болған ай Хуан Рульфоның шығармасына талдау жасауда өте маңызға ие, алайда жазушының өзі бұл түйінді сезген-сезбегеніне күмәнім бар. «Педро Парамо» – еркін өлең. Ақын ай аттары арқылы ойын бейнелейді, ол уақыт дәлдігіне қарап жатпайды. Бұл ғана емес, көп жерінде айлар, күндер, тіпті жылдар өзгертілген, бұл құлаққа жағымсыз үйқас немесе ұқсас дыбыстардың қайталанып кетуінен сақтану үшін емес, қайта сол өзгертулер сыншыларды шұғыл кесім жасауға итермелейді. Мұндай жағдай айлар мен күндерде ғана емес, гүлдерде де солай. Кейбір жазушылар гүлдерді үнемі қолданады, ол тек гүл аттарының әдемілігіне ғана қарайды да, оның орын мен маусымға сәйкес келетін-келмейтініне мән бермейді. Сондықтан, жақсы кітаптардан қайраңда ашылып тұрған пеларгоня мен қардағы қызғалдақтың кездесе беретіні таңсық емес. «Педро Парамода» қай жердің тірі мен өлінің арасындағы шекара екенін дәп басып айту мүмкін емес, басқа тараптағы дәлдік, анықтық дегеннің бәрі бос сөз. Шын мәнінде, өлімнің жасы қаншалық ұзақ болатынын ешкім де білмейді.

Мұны айту себебім, Хуан Рульфоның шығармасын терең түсіну өз кітаптарымды тоқтаусыз жазуға қажетті жолды тауып берді, сол үшін, Хуан Рульфо туралы жазғаным өзім туралы жазып отырғанмен бірдей екені өзінен белгілі. Қазір, тағы мынаны айтсам деймін, осы қысқа ғана еске алу сөздерін қағазға түсіргенде, кітапты тағы бір рет толықтай оқып шықтым, тағы бір мәрте оны тұңғыш рет оқығанымдай ғажайып әсерге бөлендім. Оның шығармасы үш жүз беттен аспайды, бірақ бұл шығармалар біз білетін Софокльдің туындыларындай шетсіз-шексіз, соған ұқсас мәңгі жасарып тұратынына сенемін.

**Аударған**
**Құсыман ҚҰМАШҰЛЫ**

# БИЫЛ ӘЛЕМ ОҚИТЫН КІТАПТАР ҚАНДАЙ?

2026 ЖЫЛЫ ОҚЫРМАННЫҢ БЕЙЖАЙ ҚАЛДЫРМАЙТЫН КІТАПТАР ТУРАЛЫ ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ЖАРЫСА ЖАЗЫП ЖАТЫР. БІЗ BBC РЕДАКЦИЯСЫ ОҚУҒА ТИІС ҚЫЗЫҚТЫ КІТАПТАР ДЕП ТАПҚАН, ФАНТАСТИКАЛЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ОТБАСЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕТЕКТИВ ЖАНРЛАРЫН ҚАМТЫҒАН ТІЗІМДІ ЫҚШАМДАП, ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

1. Heartstopper – Алиса Османның желілес романдарының 6-томы, ақырғы бөлімі жарық көреді. Бұған дейін әлем оқырмандарын тамсандырған туынды негізі бойынша Netflix сериал түсіріп, бұл туындыны жаңа аудиторияға таныстырып, үлкен танымалдыққа жеткізген еді. Жасөспірімдер арасындағы достық, махаббат және өзін-өзі тануға бағытталған роман графикалық безендіруімен де ерекше.

Heartstopper мектеп қабырғасында бір-біріне ғашық болған екі жасөспірімнің өмір жолын баяндайды.

2. Танымал жазушы Мэгги О'Фарреллдің Land кітабы («Қоныс») жарық көреді. Қаламгер бұған дейін тарихи романдарымен кеңінен танылған. Оның әр туындысы Еуропаның орта ғасырлық тарихын шебер суреттеуімен құнды. Land оның жаңа туындысы, бұл жолы оқырманды 16 ғасырдағы Франция мен Шотландияға жетелейді. Баспагерлер мен кітапсүйер қауым жаңа роман өз оқырмандарын шытырман оқиғаларымен тәнті етеді деп бағалап отыр. Шығарма Шотландия патшайымының қызықты да қиын тағдырын арқау етеді.

3. Диппа Анаппараның The Last of Earth («Жердің ақыры») жаңа романы – ғылыми фантастика мен эмоциялық драма үйлескен, ерекше стильде жазылған шығарма. Оның шығармалары әлеуметтік және саяси оқиғаларды шебер үйлестіре білуімен ерекшеленеді. Жазушы жаңа романында жер бетінде өмір сүру қиындап, адамдар басқа планетаға көшуге мәжбүр болған жайтты суреттейді. Тек бір әйел жерді тастап кетуден түбегейлі бас тартады. Ол өзінің өткен шағын, отбасын және сүйіспеншілікке толы жастық шағын ештеңеге айырбастағысы келмейді. Туған үй, өскен орта, ұмытылмас естелікті санадан өшіру мүмкін емес. Кітап осы тақырыптарды өзек етіп, жердің қадірін білуге насихаттайды.

4. Джейми Бартлеттің «Жасанды интеллектпен қалай сөйлесуге болады (және қалай сөйлеспеуге)?» атты кітабы жасанды интеллектпен қарым-қатынас жасаудың практикалық әрі терең нүсқаулығын ұсынады. Бұл кітапта автор жасанды интеллект жүйелерімен тиімді сұхбаттасудың ең жақсы әдістерін, сондай-ақ жиі кездесетін қателіктерді қарастырады. Бартлет оқырмандарға жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуге көмектесіп, адам мен машина арасындағы ынтымақтастықты жақсартуға бағытталған кеңестерін тізбелейді. Сонымен қатар кітап этикалық мәселелер мен жасанды интеллекттің қоғамға әсері туралы да әңгімелейді. Бұл кітап жасанды интеллект технологиясымен саналы және тиімді қарым-қатынас жасағысы келетіндер үшін құнды ресурс.

5. Жапонның жас жазушысы Асако Юдзукидің Hooked («Тәуелді») романы жапон қоғамындағы әйелдер арасындағы достық, қызғаныш пен әлеуметтік қысым тақырыптарын көтереді. Токиода тұратын кезінде жастарға кумир болған танымал ханым, тележурналист және үй шаруасындағы үш әйелдің өмірі бір-бірімен тоқайласады. Оларды ортақ мүдде – қызғаныш пен көреалмаушылық біріктіреді.

Юдзуки романында «әйелдер бір-бірін неге бақылайды?» деген сауал төңірегінде терең психологиялық және әлеуметтік портрет жасаған. Бұл – автордың ағылшын тіліне аударылған алғашқы туындысы.

6. Лайза Миннелли «Балалар, мұны тыңдаңдар!» атты романын ұсынады. Бұл кітап




автордың ерекше және көңілді әңгімелері мен ойларын қамтиды. Ол балаларға арналған шығармашылық және қызықты оқиғалар арқылы өмірдің түрлі жақтарын ашып көрсетеді. Кітап балаларға шабыт беріп, олардың қиялын дамытып, тыңдауға тұрарлық құнды дүниелерді ұсынады. Кітап шолушылары автор балаларды ұмыт қалдырмауға үндейтін тамаша туынды ұсынғанын жазып жатыр.


7. Кассандра Клэрдің «Періштелер әлемінің соңғы патшасы» – фэнтези жанрындағы эпикалық, автордың әңгімешіл әлемінде жалғасатын жаңа оқиға. Туынды сиқырлы әлемдегі соңғы патшаның тағдыры мен оның күресі төңірегінде өрбиді. Автор фольклорлық және мифологиялық мотивтерді шебер пайдаланып, оқырманды әсем әрі күрделі әлемге тартады. Кітапта билік пен тағдыр, достық пен жаулық, махаббат пен құрбандық қатар өрбиді.

8. Джордан Харпердің «Қатыгез шедевр» романы – қатал әрі әсерлі криминалдық триллер. Джордан Харпер оқырманды қара күш пен қатыгездік араласқан күрделі әлемге жетелейді. Кітаптың сюжеттік желісі зорлық-зомбылық пен адам тағдырындағы қарама-қайшылықтар арқылы өрбиді. Бұл шығарма – тек қана қылмыс туралы әңгіме емес, сонымен қатар адам психологиясын, оның төзімділігін сынайтын және ішкі күрестерін бейнелейтін туынды.



Нұршат НҰРАЖЫ:

# ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫН ШАҚЫРУДЫҢ БІРЕГЕЙ ЖОБАСЫ керек



ОСЫДАН ОН ЖЫЛ БҰРЫН ХИМИЯ САЛАСЫ БОЙЫНША ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАН АҚШТАҒЫ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ МАТЕРИАЛ ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ. ҚЫТАЙДЫ МЕКЕН ЕТКЕН ҚАНДАСТАР АРАСЫНАН ҚАРА ҮЗІП, МИЛЛИАРДТАР ЕЛІНДЕ ОҚ БОЙЫ ОЗЫП ШЫҚҚАН ОНЫҢ ҒЫЛЫМҒА ДЕГЕН ШЕКСІЗ ҚҰШТАРЛЫҒЫ АЛПАУЫТ АҚШ ЕЛІНЕ ЖЕТЕЛЕП АПАРДЫ. ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕГІ ҮЗДІК 3 ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНА КІРЕТІН ӘЙГІЛІ МАССАЧУСЕТС ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫНДА (MIT) ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗІП, ТЕХАС ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ӨЗ АТЫМЕН ЗЕРТХАНА АШҚАН НҰРШАТ НҰРАЖЫНЫ КӨП ОҚУ ОРНЫ ӨЗДЕРІНЕ ТАЛАСА ШАҚЫРҒАНЫ ЕЛ АУЗЫНДА ЖҮР. ДЕСЕ ДЕ, АТАЖҰРТТАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ КӨМЕКТЕСЕ ЖҮРІП, АЙМАҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНДЕ ДӘРІС ОҚЫҒАН ОНЫҢ БҮЙРЕГІ ҚАЗАҚСТАНҒА БҰРЫП, 2019 ЖЫЛЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЕЛГЕ КӨШІП КЕЛДІ. БҮГІНДЕ АЛПЫСТАН АСТАМ МАМАНҒА ЖЕТЕКШІЛІК ЕТЕТІН ПРОФЕССОР ӘЛЕМДЕ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ЖОБАЛАР ӘЗІРЛЕП ӘЛЕК. НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ИНЖЕНЕРИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР МЕКТЕБІНІҢ ПРОФЕССОРЫ ЖӘНЕ СОЛ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ АСТАНА ҰЛТТЫҚ ЗЕРТХАНАСЫНЫҢ ЗЕРТХАНА МЕҢГЕРУШІСІ НҰРШАТ НҰРАЖЫНЫҢ ЕЛГЕ ОРАЛУ ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕСІН ЖАЗЫП АЛҒАН ЕДІК.

### МИЛЛИАРДТАР ЕЛІНЕН МАССАЧУСЕТС ИНСТИТУТЫНА ДЕЙІН

Мен Қытайға қарасты Іле облысының Шапшал ауданында дүниеге келдім. Әкем физика, ал анам математика пәнінің мұғалімі болды. Мектепке мені ертіп апаратын олар алғырлығымды байқаған болса керек, бес жасымнан бастап мектепке берді. Бастапқы екі сыныпты үздік бітірген соң, әкем бірден 4-сыныпқа аттатқызды. Осылайша, 15 жасымда Шыңжаң университетіне құжат тапсырдым. Кішкентайымнан есепке жүйрік болдым. Десе де, маған химия пәні ұнайтын. Қоспалардың түрлі реакция беретініне, түсі өзгеретініне қызыға қарайтынмын. Жалпы, түсіне білген адамға химия өте қызық сала ғой. Сөйтіп, болашағымды сол саламен байланыстырамын деп шештім. Десе де, оқуды бірден бастап кете алмайсың. Қазақ мектебінде оқығандықтан бір жыл тіл курсына қатыстым, содан соң оқуға қабылданып, қытай балаларымен жарыса оқыдым. Оны бітірген соң, Қытай ғылым академиясы Шыңжаң Химия зерттеу институтына зерттеуші ретінде жұмысқа тұрдым. Мұнымен шектеліп қалғым келмеді. Өйткені тұқымымызда ғалымдар, оқымыстылар көп болды. Мен де олар секілді ғылым жолын қуалап, шетел асып, ондағы зерттеулерге қатысқым келді. Сөйтіп, 1995 жылы Бейжіңдегі Қытай ғылым академиясының аспиранттар институтына магистратураға, сосын Қытай қазақтарынан бірінші болып докторантураға тапсырдым. Осы аралықта Шыңжаң ғылым комитетінің ғылыми жобаларға жариялаған конкурсында жеңімпаз атанып, ақшалай сыйлыққа ие болдым. Ең жас ғалым ретінде жобаның жауапты жетекшісі болып бекітілдім. 1999 жылы Қытай ғылым академиясының «Батыс шұғыласы» сыйлығымен марапатталдым.


Десе де, ғылымда үнемі көш ілгері жүретін АҚШ елінде білім жетілдіру жайында көп ойланатынмын. Ақырында дегеніме жетіп, 2000 жылдары Нью-Йорк қалалық университетінің (City University of New York) докторлық шәкіртақысын ұтып алып, оны сәтті қорғаған соң, ғылымдағы табыс пен жетістікке толы кезеңім басталды.


Жалпы, бүгінге дейін 150-ден астам журналда ғылыми мақалам жарияланды. Мақалам жарық көрген журналдың ең жоғары импакт факторы – 32 (қазіргі h-index:34 Google scholar). 2005 жылы докторлық мазмұнды еңбек және ғылыми нәтижелері бойынша Rose Kfar Rose сыйлығын иелендім. (Rose Kfar Rose Dissertation Award in excellence for thesis and graduate study). 2007 жылы химия бойынша дүниежүзіндегі ең беделді журнал – Journal of American Chemical Society-ге шыққан мақалам сол жылы қаралымы ең көп мақала ретінде бағаланды (Most Accessed Article). Тағы бір зерттеу мақалам Supramolecular Chemistry журналында 2006 жылы қаралымы көп он мақаланың бірі болып саналды (Top ten most accessed articles). Сонымен қатар Германияның Angewandte Chemie International Edition журналының редакторлары тағы бір ғылыми мақаламды «Оқырман ең сүйіп оқыған» мақала деп таныды (Hot paper). 2008 жылы Сан-Францискода Халықаралық материал зерттеу қоғамының докторлық зерттеулерді бағалау үшін өткізген жиынында шетелдік 13 ғалымның арасында күміс жүлдеге ие болдым (Silver Award from Materials Research Society).

Осыдан соң түрлі беделді университеттегі профессорлар маған қызыға бастады. Әлемдік рейтингте көш басынан түспейтін Массачусетс технологиялық институты (MIT), Берклидегі Калифорния университеті (The University of California, Berkeley) және Гарвард университетінен ұсыныс келіп түсті. Алайда мен көп ойланбастан MIT-дің ұсынысын қабыл алдым. MIT әлемдегі ең беделді техникалық оқу орындарының бірі әрі ең ірі зерттеу инфрақұрылымы бар университет және зерттеу орталығы екені өз алдына. Мен онда химиялық материалдар ғылымы мен инжиниринг факультетінде еңбек ететін Майкл Руднер мен Роберт Кохнердпен бірге жұмыс істегім келді. Онда істеген жеті жылда жаңа энергия, сутегі, су материясы, күн энергиясы, сезімтал материалдарды зерттеумен шұғылданып, көп нәтиже көрсетіп, қыруар шаруа атқардық. Дегенмен тек ғылыммен ғана емес, оқытушылықпен де айналысқым келді. Сөйтіп, 2015 жылы Техас технологиялық университетіне профессор ретінде шақырылдым. Сол жылы нанотехнологияға қосқан ерекше үлесім үшін Джозеф сыйлығының иегері атандым (Joseph Wang Award 2015 from Cognizure Publisher in Excellence for Outstanding Research Work).

### ҚЫТАЙ, АМЕРИКАДА ТҰРСАҢ ДА, ЕГЕМЕНДІКТІ СЕЗІНЕ АЛМАЙСЫҢ

Техас технологиялық университетінде жағдайымды жасап, керек-жарақпен жасақтап, «Нұршат Нұражы» атындағы зертхана құрып берді. Сонымен қоса, жас ғалымдарға сабақ бере бастадым. Бұл білім ордасында жұмыс істегеннің тағы бір ыңғайлы тұсы – Қазақстаннан келген ғалымдарға емін-еркін көмектесуге мүмкіндік болды.





ӨТКЕНДЕ «ОТАНДАСТАР ҚОРЫНЫҢ» ФОРУМЫНДА ӨЗ ТӘЖІРИБЕМЕ СҮЙЕНІП, КӨП НӘРСЕ АЙТТЫМ. «БӘРІҢ ШЕТЕЛДЕ ЖҮРГЕНІҢМЕН, ТҮРІҢ, ТЕГІҢ, ТІЛІҢ – ҚАЗАҚ. ТҮБІНДЕ ТАРИХИ ОТАНҒА КЕЛІП, ҚАЗЫҒЫМДЫ ҚАДАЙМЫН» ДЕГЕН ИДЕЯНЫ САНАДАН ШЫҒАРМАҢДАР» ДЕП ҮНДЕУ ТАСТАДЫМ. ОЛАР КЕЛЕТІН БОЛСА, ЕЛІМІЗДЕГІ НЕБІР ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАНДАНДЫРАТЫН ЕДІ.

Оларды өз зертханама ертіп келіп, докторлық зерттеулеріне қол ұшымды создым. Кейін олармен бірге Қазақстанға ере барып, диссертациялық жұмыстарына араласып, қорғауларына қатыстым. Мақала шығарысуға септігім тиді.

Жалпы, атажұрттағы ғалымдармен танысуым одан он жыл бұрын басталды. Профессор Паул Дубиннің зертханасында жұмыс істеп жүргенімде дүниежүзіне белгілі ғалым, полимерші Сарқыт Құдайбергенов Александр Дидук деген шәкіртін екі айға бізге жіберді. Шәкірті Сарқыт ағайға хабарласып, мұнда бір қазақ ғалымы жұмыс істейтінін айтса, ол кісі «Қазақстаннан онда бара қоятын химик жоқ еді» деп таңданса керек. Сарқыт ағамен пошта арқылы хат жазысып тұрдым. Ол мені үнемі елге шақыратын. Сөйтіп, арада он жыл өткен соң, Сарқыт ағаның 60 жылдық мерейтойына шақырту алып, алғаш рет атажұртқа бет алдым.

Алматының әуежайына алғаш табаным тиген сәт әлі есімнен кетпейді. Қазақ болғасын Қытайда, Америкада тұрсаң да, егемендікті сезіне алмайсың ғой. Өзіңнің тұтас, егемен бір мемлекеттің қожасы екеніңді білмейсің. Кеденде тұрған өзіміздің қарадомалақ сарбаздарды көргенде қатты тебіреніп, көзімнің жасын бір сығып алдым. Сәтпаев университетінде екі күнге жалғасқан мерекелік іс-шарада әлемнің бірнеше елінен келген қазақ ғалымдарының форумында «Отан сүю – ғылымның жолы» тақырыбында әңгіме өрбітіп, өзімнің елге неліктен, қалай, не үшін келгенімді баяндап бердім. Ғалымдардың даңқы қанша шарықтап тұрса да, тегі қазақ болған соң бәрін ысырып, «Менің де елге берерім бар» деп елге оралуды парыз санаса деймін. Атамекенге келіп, мұндағы жүйеге ілесіп, бәсекеге түсіп, грант ұтып, тарихи Отанында өз ғылыми ортасын, өз командасын құрастыру деген баға жетпес бақыт қой!

### ӘЛЕМДЕ ЖОҚ ТЕХНОЛОГИЯ ӘЗІРЛЕДІК

Американдағы үйреншікті ортамды артқа тастап, Назарбаев университетіне келгенде «Мен әлемге әйгілі мына жерде істеп едім. Жеке зертханам болған еді» деп мамандардың бетіне қарап отырғаным жоқ. «Маған бірдеңе бер» дегенім де жоқ. Бар болғаны – Қазақстанның да алпауыт елдермен бәсекеге түсе алатынын дәлелдеп, теңдесі жоқ зертхана құрып, шетелдіктермен бәсеке құрғым келді. Айта кететін жайт, менде елге келгенде ештеңе болмады. Химия және инженерия факультетінің докторлық бағдарламасын өзім жазып шықтым. Ғылыми жобаларға қатысып, көп грант ұтып алдым. Одан түскен ақшаға зертхана құрып, мамандарды шақырдым. Тоғыз түрлі бағытта жұмыс істейтін тоғыз команда жасақтадым. Алты жыл ішінде алты зертхана құрдым. Қазір ең көп зертханасы бар профессордың бірімін. Бүтінде командамда 60-тан астам маман жұмыс істейді. Оның ішінде шетелден келген докторанттар да бар. Мақтанбаймын, бірақ командамда айрықша атмосфера бар.

Тағы бір айта кетерлік жайт, бес монографияны қазақша әзірлеп шығардық. Қазақ тілін ғылым тілі ету үшін барымызды салып жатырмыз. Ана тіліміздің өзіміз сүймесек, өзіміз дәріптемесек, ол басқа кімге қажет?

Менің атажұртқа оралғандағы бірінші бес жылдық жоспарым зертхана құру еді. Мұны орындадым. Бүтінде екінші бесжылдық жоспар – өндіріске қарай кетіп барамын. Қазір мемлекетке нақты өндіріс өнімдері қажет. Бес жылда зерттелген ғылыми жетістіктерімізді өндіріске салуымыз керек. Мендегі маңызды үш жобаның елге берер пайдасы зор. Біз Қазақстанда бірінші рет жасыл сутегі өндірісін нақты өндіріске шығаруға қабілетті отандық технология жасақтап, шағын зауыт әзірлеп шығардық. Бұл – әлемде бар технология, алайда елімізде әлі енгізілмеген. Бүтінде бұл технология мұнай өңдеуде ауыр көмірсутектерді ыдырату, ауыл шаруашылығында аммиак пен минералды тыңайтқыштар өндіру мақсатында пайдаланылады. Сондай-ақ металлургияда кенді тотықсыздандыру арқылы металл алу ісіне де «жұмылдырылады». Қазақстан Париж келісіміне қосылғанын ескерсек, 2060 жылға қарай көміртексіздендіру процесіне қол жеткізуді көздейді. Осы тұрғыда бұл технология көмір мен мұнайға тәуелділікті азайтудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Әзірге елімізде отандық дәрі өндіретін зауыттар жоқ. Дәрі шығаратын өндірістер бар-ақ, алайда олар шетелде әзірленген дәріге қоспа құйып, біздікі етіп шығарады. Біз қазір дәрі әзірлеуден әлемде теңдесі жоқ технология ойлап шығардық. Қазіргі фармацевтикалық зауыттардың жұмыс жүйесін өзгертпекпіз. Nokia-ның орнын iPhone басқандай, ешбір жерде жоқ озық технология құрастырып шығардық. Ол арқылы бүтінде екі дәріні әзірлеп, патент алдық. Бірі – күріш қауызы мен жүгері өзегінен қан қысымын төмендететін дәрі, екіншісі – бүйрек ісігін қайтаруға таптырмас дүние. Өткенде Премьер-Министр Олжас Бектенов пен министрлер Саясат Нұрбек, Ақмарал Әлназаровалар келіп, осы жобамызға қатты қызығушылық танытып, қолдайтындарын айтып кетті. Енді 5 түрлі дәрі жасамақ ойымыз бар. Одан ары 16 түрін жасауға ниеттеніп отырмыз. Ойлап қараңызшы, зерттеуімізді күшейтіп, 30 түрлі дәрі жасап шығарсақ, Қазақстан Израиль секілді дүниедегі дәрі әзірлейтін айрықша технологиясы бар бірегей елге айналмақ! Тиісінше, көп компания ашылады, көп түрғын жұмыспен қамтамасыз етіледі. Үшіншісі, біздің елге ауыл шаруашылық орындарында ішетін таза су мәселесі кемшін болып тұр. Мен бұл істі шындап қолға алып, өндіріске айналдырсам деп белімді бекем буып отырмын.

Осы алты жыл ішінде елге қоныс аударғаныма керісінше алақайлап қуанбасам, еш өкінген емеспін. Бар білгенімді үйреттім. Аз уақыт ішінде мықты команда құрдым. Үш жыл бұрын құрылған Президент жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңестің мүшесімін. Онда ғылым мен техника бәсекесі турасында стратегиялық ұсыныстарды ортаға саламыз. Одан бөлек, Ғылым министрлігіндегі Ғылым комитетінің сарапшысымын. Жыл сайын ғалымдардың жобаларын бағалап, сараптаймыз. Атамекенге оралып, зертханамнан шықпай жүрген түтім жоқ. Университеттен тыс та, ғылымның ілгерілеуіне өз үлесімді қосып келемін.

Қазір біздің нағыз елмен бірге болуға тиіс шағымыз. Елге келемін, өндіремін, әзірлеймін дегенге мүмкіндік жетіп артылады. Жас ғалымдарға грант көптеп беріліп жатыр. Сонымен қоса, 500-ден астам жас зерттеуші баспаналы болды. Дегенмен Үкімет шетелдегі мықтыларымызды Отанға тартудың шараларын ойлап тапса деймін. Мысалы, Қытай үкіметі әлемге шашыраған өз ғалымдарын қалай тартады дейсіз ғой? Әлемнің мықты университеттерінде жұмыс істейтін, тіпті Нобель сыйлығының лауреаттарына арналған арнаулы ғылыми жоба әзірледі. «Кел де, өзің бірдеңе жаса» дегендей үндеу тастап, ақырында Американдан барлығын көшіріп алды. Біздің биліктегілер де ғылыми-техникалық базамызды жақсарту үшін осындай шаралар жасаса екен. Ғылым министрлігі, Ұлттық ғылым академиясы және «Отандастар қоры» шетелде сұранысқа ие қазақ ғалымдарына арнайы бір байқау ұйымдастырса, олардың беті бері қарап, жаппай қызығушылық танытатыны сөзсіз. Өткенде «Отандастар қорының» форумында өз тәжірибеме сүйеніп, көп нәрсе айттым. «Бәрің шетелде жүргеніңмен, түрің, тегің, тілің – қазақ. Түбінде тарихи Отанға келіп, қазығымды қадаймын» деген идеяны санадан шығармаңдар» деп үндеу тастадым. Олар келетін болса, еліміздегі небір орталықтардың жұмысын жандандыратын еді. Саясат Нұрбектің бастамасымен елде көптеген шетелдік университеттің филиалы ашылып жатыр. Ол жерлерге профессорлар қажет-ақ. Шеттегі ғалымдардың бұл іске араласып, елдегі ғылымның әлеуетін көтеруге атсалысатын нақ кезі – қазір.

**Жазып алған –**
**Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ**

# АМЕРИКАДА ТУҒАН Айдан АТАЖҰРТТА оқып жүр



КЕЙІНГІ КЕЗДЕ «ҚАЗАҚТЫҢ МИЫ ҚЫРДА ЖҮР» ДЕГЕН ПІКІРДІ ЖИІ ЕСТИТІН БОЛДЫҚ. МИЫ МИЛЛИАРДҚА БАҒАЛАНҒАНДАР МЕН ӨЗ ІСІН ЖАҢҒАҚША ШАҒАТЫН МАМАНДАРДЫҢ МҰХИТ АСЫП, МӘРТЕБЕСІН АСЫРЫП ЖҮРГЕНІ ТУРАЛЫ ТАЛАЙ РЕТ ЖАЗЫЛДЫ. ТІПТІ, ОРТА МЕКТЕПТІ БІТІРМЕЙ ЖАТЫП, 9-СЫНЫПТАН СОҢ ШЕТЕЛГЕ КОЛЛЕДЖГЕ ТҮСУДІ МАҚСАТ ЕТЕТІНДЕР ЛЕГІ КӨБЕЙІП БАРА ЖАТҚАНЫН ДА ЖАЗДЫҚ. АЛ АМЕРИКАДА ТУҒАН АЙДАН АРҒЫН КЕРІСІНШЕ 9-СЫНЫПТАН БАСТАП АТАЖҰРТЫНДА ОҚУ ҮШІН ЖАЛҒЫЗ ӨЗІ АСТАНАҒА ҚОНЫС АУДАРҒАН. ШЫҚҚАН ТЕГІМДІ ТАНИЫН, АНА ТІЛІМДІ ҮЙРЕНЕЙІН ДЕП КЕЛГЕН АЙДАН ЕКІ ЖЫЛДА ҚАЗАҚШАСЫН ЖАҚСАРТЫП, ДОМБЫРАНЫ ШЕБЕР ТАРТАДЫ. ОСЫ РЕТТЕ БІЗ ОҚУШЫ АЙДАНДЫ ӘҢГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

**– Ең алдымен бәрімізді қызықтыратын сауал – Америкада туған Айданның атажұртына оралуына кім немесе не түрткі болды екен?**

– Әңгімені әріден бастасам. Мен 2008 жылы Лос-Анжелес қаласында дүниеге келдім. Онда жақсы жағдай, жайлы ортам болды. Көптеген ұлт өкілімен, соның ішінде қытай, африка, жапон, испан балаларымен дос болдым. Сегіз жасымда отбасыммен Қазақстанға алғаш келгенде «Сәлем» дегеннен басқа сөз білмедім. Десе де, елде өткізген бір ай ішінде ұмытылмас әсер алып қайттым. Екінші рет 13 жасымда келгенде туыстарыммен Астана, Алматы, Талдықорған, Текелі қалаларын араладым. Үйлену тойына барып, таң-тамаша болдым. Америкада 200-300 адам жиылған тойды көрмейсің ғой. Содан соң Алматыда бір апталық лагерьге бардым. Ондағылармен араласып, жақсы достар таптым. Онда бәрі қатты-қатты ұнады. Америкаға қайтқан соң бір аптадан кейін әкеме «Қазақстанда оқысам бола ма? Маған онда ұнап қалды. Есесіне қазақ тілін үйренемін» деп едім, әкем «Келесі жылы көрейін. Туыстардан сұрап-білу керек» деп қысқа қайырды. Арада бір жыл өткен соң әкем: «Сен расында Қазақстанға барғың келе ме? Бұл қадамға дайынсың ба? Туыстармен сөйлесіп қойдым. Алайда Алматыға емес, Астанаға барып оқисың» дегенде қуана-қуана келісе кеттім.

Мені атамекенге жетелеп келген не десеңіз, өз тарихым, мәдениетім туралы көп дерек білгім келді. Мұны осы жерден басқа қайда білесің? Сосын, әрине ана тілімді үйренгім келді. Қаның қазақ болған соң қазақша қысылмай, еркін сөйлегенге не жетсін?! Одан бұрын ел тұрғындарының ашық-жарқын, қонақжайлығы да маған ұнады. Ал қазақша еттің дәмі тіл үйіреді. Америкада жылқы еті сатылмайды. Жалпы, елде дәм татқан тағамның дәмі бөлек екен. Кафелерден бөлек, Астанадағы Президент саябағында сатып тұрған тағамдары да сондай дәмді. Одан бөлек, табиғаты да көздің жауын алады. Әсіресе, Текеліде тұратын туыстарымызға барғанда ол жақтың тұмса табиғаты, соның ішінде Қора өзенінің маңындағы пейзаждың әдемілігіне көзің тоймайды.

**– «Тамырыңды біл. Тегіңді таны» деп ата-анаң әдейі жіберген екен деп ойласақ, жас болсаң да бас болып, елге қоныс аударуға өзің бастамашы болғаныңа таңғалысымызды жасыра алмай тұрмыз.**

– Иә, бұл идеяны ортаға салған – өзім. Елдегі ортада өмір сүргім келді. Қазақша еркін сөйлеуді мақсат еттім. Кішкене кезімде қазақша көп сөйлемедім. Үйдегілер ағылшынша, кейде моңғолша сөйлесетін. Кейінгі бес жылдан бері ата-анаммен тек қазақша сөйлесіп, күнделікті тұрмыста қолданатын сөздерді үйрене бастадым. Олар түсінбеген жерімді мысалмен жеткізіп, түзеп беруден шаршамайтын. Онымен қоса, YouTube-та жеке арнасы бар Мақсат деген кісіден бірнеше қазақша сөз жаттадым. Ол сөздерді құр жаттап қоймай, қолданысқа енгізіп, күнде сөйлеп жүрдім. Қазақша әндерді көп тыңдадым. Содан не керек, мұның бәрін Қазақстанға барып, тағы да жетілдіре түсу керек екенін анық түсіндім.

**– Әкең атажұртқа көшуге рұқсат бергенімен, анаң уайымдап, бірден жібергісі келмеген шығар.**

– Әрине, 15 жасымда елге жалғыз келген соң анам қатты уайымдайды. Десе де, әкем: «Айдан елге баруға дайын. Онда тез бой үйретіп, сіңісіп кетеді. Уайымдаудың қажеті жоқ» деп оны жұбатқаны бар. Әдепкіде, қиын болғаны рас. Айналамдағылардың менталитеті басқа. Үйреншікті ортам емес. Бірақ кейін үйреніп кеттім. Автобуспен еміндеп, білмегенімді сұрап аламын. Сабақ та, қосымша да қызық өтеді.

**– Қазақ тілінен бөлек, домбыра үйірмесіне барады екенсің. Ұлттық аспабымызды елге келгенде үйренуді қолға алдың ба, әлде Америкада жүріп, онлайн үйрене бастадың ба?**

– Әкем басында «Домбыра үйренемін десең, сатып әперемін» деп уәде берген еді. Расул деген ең жақын досым әрі сыныптасым алты жыл бойы музыка мектебіне барып жүр екен. Бір күні мектепте бір іс-шарада оның орындауындағы «Алаш аманаты» күйін естігенімде таңырқағаным сонша, көпке дейін ұмыта алмай жүрдім. Маған бұл туынды қатты әсер етті. Сосын одан «Бұлай домбыра шертуді кімнен, қалай үйренсем болады?» деп сұрадым. Ол өзі барып жүрген мектебінің мекенжайын айтып, бір рет барып көруге кеңес берді. Ақырында екеуіміз Астананы кезіп, домбыра іздеумен болдық. Расул екі сағат бойы түрлі домбыраны тартып көріп, құлағын түзеп, дыбысын келтіріп, ақыр соңында «Міне, мынау жақсы. Осыны алайық» деп таңдасып, көмегін тигізді. Бүгінде домбыра курсына барып жүргеніме төрт ай болды. «Ата толғауы», «Алаш аманаты», «Ер Тұран», «Көк ту», «Домбыра» күйлерін тарта аламын. Қазір «Дала рухы» туындысын үйреніп жүрмін. Әзірге жай домбыра ұстап жүрмін. Оқуға кетерде, нағыз сапалысын сатып алсам деймін. Себебі мұнымен тоқтап қалмай, жүрген жерімде домбыра тартып жүргім келеді. Енді он шақты күй үйренуім керек.



**– Әңгіме ауанына қарасам, ата-анаңды сағынып жүргенге ұқсайсың.**

– Америкада көп нәрсені қалдырып, 15 жасымда елге келіп отырмын. Әлбетте, сағынбай жүргенім жоқ, сағынып жүрмін. Ата-анамды, ағамды сағынамын. Әсіресе, анамның дәмді тамағын сағынамын. Олармен күніне бейнеқоңырау арқылы сөйлесемін. Достарымды да сағындым. Анда-санда хабарласамын. Америкамен байланысты болған дүниенің бәрін сағынамын. Десе де, мұның бәрі өзім, өзімнің болашағым үшін екенін жақсы түсінемін. Қазір 11-сыныпта оқимын. Ата-анам мен ағам жазда соңғы қоңырау кешіме арнайы келмек.

**– Қандай мамандыққа тапсырмақ ойың бар?**

– Болашағымды IT саласымен байланыстырғым келеді. Бүйірса, Американың бірнеше оқу орнына құжат тапсырғалы жүрмін. Оны бітірген соң, жұмыс істеп, қаражат жинап, жеке компания ашқым келеді. Қазір елде IT, жасанды интеллектке көп көңіл бөлініп жатыр ғой. Осы салаға маманданып, көп жобаны іске асырсам деген арман бар. Бас кеңсем – Астанада, екінші штаб-пәтер Лос-Анжелесте болса деймін. Алдағы уақытта Астана, Алматы, Лос-Анжелес арасында жол салып, кәсіп жүргізгім келеді. Жалпы, маған Астана қаласы сондай ұнайды. Барлығы жаңа, барлығы заманауи. Алматыға қарағанда ауасы таза. Астана Лос-Анжелеске сәл ұқсайды. Десе де, мұндағы кемшін нәрсе – тау жоқ. Лос-Анжелесте таңғы бестерде тау жаққа арнайы велосипедпен барып, сонда хайкинг жасағанды ұнататын едім. Десе де, мұнда да уақытым қызық өтеді. Мектептен келген соң, жаттығу залына барып, шынығамын. Сосын үйге келіп, тәтемен тамақтанамын. Достармен қала аралаймын. Сырғанаққа, квестке барамыз, одан шыққан соң сыртта тамақтанамыз. Сенбі, жексенбі күндері үйқыдан тұра сала, қазақша әнді бар дауысына қойып қоямын. Сөйтіп жүріп, біраз шаруа тындырамын.

**– Бос уақытта ағылшыннан сабақ беру туралы ой келмеді ме?**

– Ондай ой болды. Әдепкіде «Мен – native спикермін. Қаладағы ағылшын тілін үйрететін орталықтардың біріне жұмысқа тұрып, speaking-тен көмектессем» деп ойлаған едім. Бір орталықтың поштасына хат жазып едім, бірақ жауап келмеді. Сөйтіп жүргенде өзім де бұл шаруаны ұмытып кетіппін. Десе де, елде жүрген уақытта өзгелердің ағылшыншасын жақсарту ісіне араласқым келеді.

**– Арман-мақсатың орындалсын! Ақ жол!**

**Сұхбаттасқан – Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ**





МЕНІ АТАМЕКЕНГЕ ЖЕТЕЛЕП КЕЛГЕН НЕ ДЕСЕҢІЗ, ӨЗ ТАРИХЫМ, МӘДЕНИЕТІМ ТУРАЛЫ КӨП ДЕРЕК БІЛГІМ КЕЛДІ. МҰНЫ ОСЫ ЖЕРДЕН БАСҚА ҚАЙДА БІЛЕСІҢ? СОСЫН, ӘРИНЕ АНА ТІЛІМДІ ҮЙРЕНГІМ КЕЛДІ.

ГАЗЕТТІҢ КЕЛЕР САНЫ 16 ҚАҢТАРДА ШЫҒАДЫ

AMANAT MEDIA GROUP

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ

Бас редактордың орынбасары Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ

ЖУРНАЛИСТЕР: Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ, Әлия ТІЛЕУЖАНҚЫЗЫ, Наурызбек САРША, Ділда УӘЛИБЕК, Ахмет ӨМІРЗАҚ (Алматы қаласы)

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ: Елдар ҚАБА (беттеуші-дизайнер)

Корректор: Саягүл САПАРҚЫЗЫ

Нөмірдің кезекшісі: Арайлым ЖОЛДАСБЕКҚЫЗЫ

• Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
• Тапсырыс №10200. Таралымы 5762 Көлемі 4 б. т.

Бағасы келісім бойынша

Мекенжайымыз: 010000. Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі 12/1

Редакция телефоны – 8(7172) 72-95-39
ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklama.liter@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(771) 804-61-32, 8(7172) 72-95-39 podpiska.alt@gmail.com

• Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді
• Оқырман хаттарына жауап қайтарылмайды
© «Түркістанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Суреттердің сапасына редакция жауап береді
18+ Мақалалар коммерциялық негізде басылды
• Жарнамалар мазмұнына редакция жауап бермейді

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Газет «Түркістан» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, қайта есепке қою туралы №KZ20VPY00019166 куәлігі 08.01.2020 жылы берілген.

Индексі: Жеке жазылушылар үшін – 65413, мекемелер мен ұйымдар үшін – 15413.